

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық
ұйымы» акционерлік қоғамының
2015 жылғы 13 қарашадағы
№59 Басқарма шешімімен БЕКІТІЛГЕН

**«ҚАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМЫ» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ
САТЫП АЛУДЫ ЖҮРГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

(01.04.2019 ж. №28 Басқарма шешімен бекітілген өзгерту және толықтыруларымен)

Алматы қаласы, 2015 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамымен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді электрондық сатып алуды жүргізу жөніндегі осы нұсқаулығы Қазақстан Республикасының заңнамаларына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 25 қыркүйектегі №3 шешімімен бекітілген «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығына тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ережесіне (бұдан әрі – Холдинг Ережесі), «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 14 шешімімен бекітілген «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамымен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүргізу ережесіне (бұдан әрі –Ереже) сәйкес әзірленді.

2. «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамымен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді электрондық сатып алуды жүргізу жөніндегі осы нұсқаулығында (бұдан әрі – Нұсқаулық) төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Аутентификациялау – «Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығында (бұдан әрі – ҰКО) куәлігін тіркеуден өткізу арқылы тұтынушының жеке басын растау үдерісі;

2) Портал иесі – Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген заң тәртіптерімен тіркеуден өткен, Сатып алу порталына ие және Сатып алу порталына қолжетімділігі бар және оның қызмет атқаруына көмек беретін бағдарламалық-ақпараттық құралдарына ие заңды тұлға;

3) Тапсырыс беруші – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы (Компания);

4) Ұйымдастырушы – Электрондық сатып алу үдерістерін ұйымдастыру мен жүргізуді орындау мақсатында Тапсырыс беруші атынан әрекет ететін тұлға, Сатып алу порталының қатысушысы;

5) Тұтынушы – Сатып алу порталында тіркелген, Сатып алу порталы қатысушысының уәкілетті өкілі;

6) Сатып алу порталы – Электрондық сатып алу үдерісіне бірыңғай қолжетімділік нүктесін беретін ақпараттық жүйе;

7) Әлеуетті өнім беруші – Сатып алу порталында белгіленген тәртіппен тіркелген және сатып алу шартына отыруға үміткер, кәсіпкерлік қызмет жүргізетін жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңымен олар үшін басқа жағдайлар қарастырылмаған болса, мемлекеттік мекемелерден басқалары), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

8) Тендерлік құжатнама – тендерге (лотқа) қатысу кезінде өтінім әзірлеу үшін Әлеуетті өнім берушімен ұсынылатын құжатнама және электрондық тендер жүргізу талаптары мен тәртіптері туралы мәлімет бар құжат;

9) Сатып алу порталының қатысушысы – Сатып алу порталында тіркелген Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы;

10) Электрондық көшірме – электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған, электрондық-цифрлық үлгіде құжаттың түрін және түпнұсқасындағы ақпаратты толығымен қайталайтын цифрлық (электрондық) үлгіде қайта жасау арқылы алынған электрондық құжат баламасы;

11) Электрондық сатып алулар – баға ұсыныстарына сұрау салу және тендер арқылы сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу үдерістерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені пайдалану арқылы жүргізілетін сатып алу;

12) Электрондық құжат – электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған, ақпараттар электрондық-цифрлық үлгіде ұсынылатын құжат;

13) ЭЦҚ – Электрондық құжаттың растығын мойындайтын, оның оған тиесілігі мен мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жасалынған электрондық цифрлық таңбалар жинағы мен электрондық цифрлық қолтаңба;

Осы тармақта көрсетілмеген басқа ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамалары мен Компанияның Сатып алу ережесінде көрсетілген мағыналарда қолданылады.

Компанияның Сатып алу ережелеріне сәйкес Электрондық сатып алулар төмендегі тәсілдер арқылы жүргізіледі:

1)Тендер жүргізу:

ашық;

екі кезеңді ашық.

2)Баға ұсыныстарына сұрау салу.

4.Сатып алу тәсілі Компанияның Сатып алу ережесі негізінде Тапсырыс берушімен жеке таңдап алынады.

5.Сатып алу порталына қатысушылар мен Тұтынушыларды тіркеу тәртібі осы Нұсқаулықтың №-1 қосымшасымен белгіленген.

6.Тендер жүргізу мен баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен жүргізілетін электрондық сатып алулар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, Сатып алу ережесі мен осы Нұсқаулықпен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

7.Тапсырыс берушінің сатып алу жүргізудің кез келген кезеңінде Компанияның Сатып алу ережесінде көрсетілген тәртіп пен негіздеме бойынша және Тапсырыс берушінің тиісті шешіміне сәйкес сатып алуларды жүргізуден бас тартуға құқығы бар.

8. Тапсырыс берушінің сатып алу жүргізудің кез келген кезеңінде Сатып алу жоспарының тармақтарына және ішкі құжаттар негізінде хабарламаларына және Тапсырыс беруші шешімдеріне өзгертулер енгізуге құқы бар, бірақ өтінімдерді қабылдау аяқталуға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын.

9.Электрондық сатып алулар Сатып алу порталында және мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған, Компания Сатып алу Жоспарына сәйкес бекітілген сатып алу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

2. ТЕНДЕР ЖҮРГІЗУ ТӘСІЛІМЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ САТЫП АЛУЛАР

Жалпы ережелер

10.Ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алу жүргізу үдерісі осы нұсқаулық қағидаттарын ескере отырып Компанияның Сатып алу ережесімен белгіленген ашық тендер үдерісіне ұқсайды.

11.Порталда тендер тәсілімен электрондық сатып алу төмендегілер арқылы жүргізілуі мүмкін:

1)ашық тендер;

2)ашық екі кезеңнен тұратын тендер.

Ашық тендер жүргізу арқылы электрондық сатып алу

12.Ашық тендер арқылы Электрондық сатып алу үдерісі мынадай іс-шараларды жүргізуді қарастырады:

1) Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді ашық тендер тәсілімен сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылдау, тендерлік комиссия, қажет болған жағдайда сарапшылар (сарапшы) комиссиясының құрамын бекіту, тендерлік комиссия хатшысын тағайындау, тендерлік құжатнама бекіту;

2) Сатып алу порталында және мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық тендер тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарламаны орналастыру;

3) Сатып алу порталында Тендерлік құжатнамаларды орналастыру, Әлеуетті Өнім берушілерге Тендерлік құжатнаманы беру;

- 4) Сатып алу порталында ашық тендерге қатысатын Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдау мен тіркеу;
- 5) Ашық тендерге қатысатын Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін ашу үдерісін жүргізу;
- 6) Әлеуетті өнім берушілердің қосымша баға ұсыныстарын қабылдау;
- 7) Әлеуетті өнім берушілердің қосымша баға ұсыныстарын ашу үдерісін жүргізу;
- 8) Ашық тендерге қатысатын Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендерлік комиссиямен қарастыру;
- 9) Ашық тендер қорытындыларын жүргізу, ашық тендер қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеу;
- 10) Сатып алу порталында ашық тендер қорытындылары туралы хаттаманы орналастыру;
- 11) ашық тендер жеңімпазымен сатып алу туралы шартқа отыру.

Тендерлік комиссия

13. Тапсырыс беруші/Сатуды ұйымдастырушы Тапсырыс беруші Тұтынушы-қызметкерлері/Сатып алуды ұйымдастырушы тұлғалары арасынан тендерлік комиссияны құрайды. Тендерлік комиссия құрамы Компанияның Сатып алу ережесінің 25-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші/Сатуды ұйымдастырушымен белгіленеді.

Тендерлік құжатнама

14. Тендерлік құжаттаманы Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасы болып табылатын үлгілік тендерлік құжаттаманың негізінде, Компанияның Сатып алу ережесінің 36-тармағы 13) тармақшасымен көзделген ережелерді қоспағанда, Компанияның Сатып алу ережесі 36-тармағының талаптарына сәйкес қалыптастырады.

15. Тендерлік құжатнамада тиісті тендердің (лоттың) атауын көрсету арқылы тендер бойынша бағаны төмендетудің қосымша бір баға ұсыныстарын ұсыну мүмкіндігі туралы Әлеуетті өнім берушінің құқығы көрсетілуі тиіс. Қосымша баға ұсыныстарын беру талаптары ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алу жүргізу кезінде осы Нұсқаулықтың 33-39 -тармақтарымен белгіленеді.

16. Ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алуларды жүргізу кезінде Тендерлік құжатнамадағы лоттардың жалпы саны 100 (жүз) лоттан аспауы тиіс.

Ашық тендер тәсілімен сатып алуды жүргізу туралы хабарлама

17. Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы Әлеуетті өнім берушілермен ашық тендерге қатысу өтінімін ұсыну күні аяқталғанға дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алу жүргізу туралы және бекітілген Тендерлік құжаттаманы Сатып алу порталында және мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыруға міндетті.

Әлеуетті өнім берушілермен ашық тендерге қатысу өтінімін ұсыну күнінің аяқтала бастауын Сатып алу порталында хабарламаны жариялау кезінде Сатып алуды Ұйымдастырушы белгілейді.

Ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алуға қатысатын өтінімдерді ашу күні мен уақыты сатып алуды Ұйымдастырушымен жұмыс күндері Астана уақытының 10:00-ден бастап 18:00-ге дейінгі аралықта белгіленуі тиіс.

19. Ақпараттық қауіпсіздік пен құпия ақпараттарға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысу өтінімдеріндегі барлық баға ұсыныстары Сатып алу порталында шифрланады. Хабарландыруды жариялау кезінде Ұйымдастырушы Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін әрі қарай ашу үшін әр хабарландыруға Сатып алу порталы генерациялаған бірегей жабық кілтті жергілікті компьютерде сақтайды.

20. Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушымен жабық кілттер сақталғаннан кейін Сатып алу порталы хабарламаны реттік нөмірлерді беру арқылы тіркеуден өткізеді.

Тендерлік құжатнаманы беру

21. Сатып алу порталы арқылы тендерлік құжатнаманы алу тіркелген Әлеуетті Өнім берушілер үшін ғана қолжетімді болады.

Ашық тендерге қатысатын өтінімдердің мазмұны, рәсімделуі ен ұсынылуы

22. Ашық тендерге қатысуға өтінім беру Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті тұтынушысының Сатып алу порталымен белгіленген талаптарына сәйкес Электрондық құжат түрінде Сатып алу порталында құрастырылады және оның ЭЦҚ қойылады.

28. Ашық тендерге қатысуға берілетін өтінімде мыналар көрсетіледі:

1) Ашық тендерге қатысуға Әлеуетті өнім берушімен толтырылған және оның қолы қойылған Электрондық құжат түріндегі өтінімі;

2) Электрондық құжат түріндегі немесе Электрондық көшірме түріндегі лицензиялаудың Электрондық жүйесін пайдаланатын лицензияны беруші мемлекеттік органның ресми интернет көзінде (веб-сайтында) сілтемесі бар Әлеуетті өнім беруші лицензиясының көшірмесін немесе өтініш көшірмесі (егер тендер талаптары бойынша міндетті түрде лицензиялау талап етілетін қызмет көрсетілген болса);

3) Электрондық құжат түріндегі немесе Электрондық көшірме түріндегі Тендерлік құжаттамамен белгіленген талаптарға сәйкес келетін Әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктері (техникалық тапсырмаларын);

4) Сатып алуға қатысушы мәртебесіне сәйкес келетіндігі туралы құжаттардың Электрондық көшірмесі (егер сатып алуларды жүргізу Компанияның Сатып алу ережесінің 37-тармағында көрсетілген қатысушылар арасында жүргізілетін болса);

5) Компанияның Сатып алу ережесінің 36-тармағының 3)-5) тармақшаларымен белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігін растайтын құжаттардың Электрондық көшірмелері (егер Тендер құжатнамасымен осындай талаптар қарастырылған болса);

6) Электрондық құжат түріндегі немесе Электрондық көшірме түріндегі жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлердің тізбесі (қызметтерді көрсету кезінде бірлесіп орындаушылардың), жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемі Тендерлік құжаттамада белгіленген аспауы тиіс қосалқы мердігерге берілетін жұмыстар мен қызметтердің көлемі мен түрі (тендерлік құжаттамада қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) жұмыстарды орындау не көрсетілетін қызметтерге тартуға Әлеуетті өнім берушінің құқығы көзделген жағдайда);

7) Электрондық құжат түріндегі немесе Электрондық көшірме түріндегі лицензиялардың көшірмелерін не егер Әлеуетті өнім беруші міндетті лицензиялауға жататын қызмет деп болжанатын тендерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда қосалқы мердігер орындайтын жұмыстарға (бірлесіп орындаушы көрсететін қызметтерге) лицензиялаудың Электронды жүйесін пайдаланатын, лицензия берген мемлекеттік органның ресми интернет көзінде (веб-сайтында) сілтемені қамтитын Әлеуетті өнім берушінің өтінішін;

8) Тендер құжаттамасындағы енгізу талаптарына, мазмұны мен түріне сәйкес келетін ашық тендерге қатысуға өтінім беруді қамтамасыз ету енгізілгендігін растайтын құжаттың Электрондық көшірмесі, бұл кезде ашық тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз ету сомасы Тендерлік құжаттамамен белгіленген көлемнен төмен болмауы тиіс (егер Тендерлік құжаттамамен ашық тендерге қатысуға берілетін өтінімді қамтамасыз етуді енгізу қарастырылған болса).

Тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз етудің әрекет ету мерзімі тендерге қатысу өтінімінің әрекет ету мерзімінен кем болмауы тиіс.

Әлеуетті өнім берушімен банк кепілдігі түріндегі тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз ету қағаз

тасымалдағышта берілген болса, онда оның түпнұсқасы Тапсырыс берушіге/Сатып алуды ұйымдастырушыға тендерге қатысу өтінімдерін ұсыну мерзімі аяқталғанша беріледі;

9) Әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының тағайындалуы (сайлануы) туралы құжаттың Электрондық көшірмесі (егер консорциум қатысатын болса, онда, консорциумға кіретін кез келген заңды тұлғаның бірінші басшысының тағайындалуы (сайлануы) туралы құжаттың Электрондық көшірмесі немесе консорциумға кіретін кез келген заңды тұлғаның консорциум туралы келісімге уәкілетті өкілінің қолы растайтын құжаттың электрондық көшірмесі);

10) Компанияның Сатып алу ережесінің 38-тармағында көрсетілген өтінімді бағалау және салыстыруға қойылатын өлшемдерді растайтын құжаттың Электрондық көшірмесі (егер өнім беруші бағаның шартты төмендетілуіне әсер ететін өлшемдердің қолданылуына үміткер болса);

Бұл кезде бағаның шартты төмендетілуіне әсер ететін өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбау аталған өтінімді қабылдаудан бас тартуға негіз болмайды.

11) Әлеуетті өнім берушімен толтырылған және ЭЦҚ қолы қойылған Электрондық құжат түріндегі баға ұсыныстары.

12) Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің Электрондық көшірмесі немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы анықтама немесе тіркеудің Электрондық жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (www.e.gov.kz) веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар Әлеуетті өнім беруші өтініші, жеке тұлғалар үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеуден өткендігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі, уақытша бірлескен заңды тұлғалар (консорциум) үшін - консорциум туралы келісім шарттың Электрондық көшірмесі және мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің Электрондық көшірмесі және консорциум қатысушыларын тіркеудің электрондық жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (www.e.gov.kz) веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар Әлеуетті өнім беруші өтініші;

13) құрылтайшылары туралы мәліметтері бар Электрондық құжат: заңмен белгіленген тәртіп бойынша бекітілген жарғының Электрондық көшірмесі, тұрпаттық жарғы негізінде тіркеуден өткен заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның тіркеуден өткендігі туралы белгіленген нысандағы өтінішінің Электрондық көшірмесі (егер консорциум қатысқан жағдайда әрбір заңды тұлғаның Электрондық жарғысының көшірмесі ұсынылады, тұрпаттық жарғы негізінде тіркеуден өткен заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаның тіркеуден өткендігі туралы белгіленген нысандағы өтінішінің көшірмесі), конвертті ашу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алынған акция ұстаушылары тізілімінен алынған үзіндінің Электрондық көшірмесі, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілген құрылтайшылар туралы мәліметтер бар басқа құжаттың Электрондық көшірмесі.

14) сатып алу шарттарын орындауға камтамасыз етулерді енгізу талаптарымен, түрімен, көлемі мен тәсілімен Әлеуетті өнім берушінің келісім бергендігі туралы Электрондық құжат түріндегі немесе Электрондық көшірме түріндегі мәлімет (егер Тендерлік құжаттамамен сатып алу шарттарын орындауға камтамасыз етулерді енгізу қарастырылған болса);

15) ұсынылатын қызметтерге, жұмыстарға, тауарларға берілген сапа кепілдігін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

16) Электрондық құжат түріндегі немесе электрондық көшірме түріндегі «Байтерек» ҰБХ» АҚ-ның сенімсіз Әлеуетті өнім берушілері (өнім беруші) тізбесіне Әлеуетті өнім берушіні енгізу талаптарымен Әлеуетті өнім берушіні таныстыру туралы мәлімет.

17) Әлеуетті өнім берушінің атынан тендерге қатысуға берілетін өтінімге, бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысына қол қою және беру құқығына оның ішіндегі құжаттарға қол қоюға құқық беретін және бағаны төмендету үшін қосымша баға ұсыныстарын беруге құқық беретін тұлғаларға берілген сенімхаттарының Электрондық көшірмесі, Әлеуетті өнім берушінің жарғысы негізінде Әлеуетті өнім беруші атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқы бар Әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының құқығын растау қажет етілмейді.

Осы Нұсқаулық тармағының 1) және 11) -тармақшаларымен қарастырылған құжаттар Әлеуетті өнім берушімен Сатып алу порталында құрастырылады.

Әлеуетті өнім беруші – Қазақстан Республикасының бейрезиденті Нұсқаулықтың осы тармағымен қарастырылған Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды немесе соған ұқсас мәліметтері бар құжаттарды ұсынады.

24. Тендер арқылы Электрондық сатып алуға қатысудың Тендерлік өтінімін құрастыру кезінде осы Нұсқаулықтың 23-тармағында берілген құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелерінің Электрондық көшірмелерін бере алады.

25. Әлеуетті өнім беруші тиісті тендерге (лотқа) қатысуға өтінім жіберген кезеңнен бастап баға ұсыныстары мазмұнын талдау жүргізіледі. Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы өнім беруші өтінімдерін ашатын уақытқа дейін тендерге қатысуға арналған өтінім Сатып алу порталының барлық Қатысушылары үшін қолжетімсіз болады.

26. Әлеуетті өнім беруші жіберген тендерге қатысуға арналған өтінім автоматты түрде Сатып алу порталында тіркеледі. Қатысуға өтінім жіберген Әлеуетті өнім берушіге тендерге қатысуға өтінім қабылдағаны немесе бас тартқанын растау ретінде Сатып алу порталы тиісті хабарлама жібереді.

27. Тендерге қатысуға өтінімді қабылдаудан бас тарту мына жағдайларда жүргізіледі:

1) Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға арналған өтінімді ашу күні мен уақыты өткеннен кейін жібергенде;

2) Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға біреуден артық өтінім жібергенде;

3) Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға жіберген өтінімінде сатып алу үшін бөлінген сомандан асатын соманы көрсеткенде;

4) Әлеуетті өнім беруші сенімсіз «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушылардың тізілімінде тұрса.

28. Өтінімде Әлеуетті өнім берушінің ЭЦҚ қолтаңбасы болу керек және Нұсқаулықтың 23-тармағының талаптарына сәйкес Электрондық көшірмелері мен Электрондық құжаттары болу керек.

29. Тендерге қатысуға өтінім беру мерзімі аяқталғанға дейін Әлеуетті өнім берушінің өз өтінімін қайтарып алып, жаңа өтінім беруге құқығы бар.

30. Әлеуетті өнім берушінің бір тендер (лотқа) біреуден артық өтінім беруге құқығы жоқ.

Ашық тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу

31. Өтінімдерді беру мерзімі аяқталған соң Ұйымдастырушы Өнім берушілер ұсынған өтінімдерді ашуды іске асырады, бұл ретте өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан бастап 1 (бір) сағаттан кешіктірмей, жергілікті компьютерде сақталған жабық кілтті хабарландыруға басады.

32. Сатып алу порталы Әлеуетті өнім берушілермен тендерге қатысуға жіберілген өтінімдерді ашады және жариялайды, сондай-ақ баға ұсыныстарды қайта шифрлауды жүргізеді.

33. Ашу рәсімі аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы Сатып алу порталында бағаны төмендетуге Әлеуетті өтінім берушінің қосымша баға ұсыныстарын беруге тендерді ұзарту мерзімін көрсету керек. Бұл ретте Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы бағаны төмендетуге Әлеуетті өтінім берушінің қосымша баға ұсыныстарын ары қарай ашу үшін Сатып алу порталында генерациялаған ерекше жабылған кілтті жергілікті компьютерде сақтайды. Төмендетуге баға ұсыныстарын беру мерзімі кемінде 1 (бір) сағаттан тұруы тиіс, жұмыс аптасы кезеңінде Астана уақыты бойынша сағ. 9-00-18-00 дейін. Өтінімдерді ашу күні мен уақыты келгенде Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірмей жергілікті компьютерде бұрын сақталған жабық кілтті хабарламаға жабыстыру арқылы әлеуетті өнім берушілермен берілген өтінімдерді ашуды жүргізеді.

34. Тендерге қатысуға өтінім жіберген Әлеуетті өнім берушіге Сатып алу порталымен төмендетуге қосымша баға ұсыныстарын беру мүмкіндігі туралы хабарлама жіберіледі.

35. Әлеуетті өнім берушілердің Ұйымдастырумен көрсетілген уақыт аралығында төмендетуге қосымша баға ұсыныстарын беруге құқығы бар.

36. Әлеуетті өнім беруші баға туралы қосымша ұсыныстар беру үшін тиісті нысанда Сатып алу порталында хабарландыруда көрсетілген талаптарға сәйкес сандармен баға туралы ұсыныстарын ендіреді және ЭЦҚ қол қояды.

37. Әлеуетті өнім берушілердің ашық тендерге қатысуға бұрын жіберілген өтінімде көрсетілген бағадан жоғары қосымша баға ұсыныстарын көрсетуге құқығы жоқ.

38. Әлеуетті өнім беруші қосымша баға ұсыныстарын беру кезеңінде оны шифрларын оқу жүргізіледі.

39. Төмендетуге қосымша баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірмей жергілікті компьютерде бұрын сақталған жабық кілті хабарламаға жабыстыру арқылы әлеуетті өнім берушілермен берілген өтінімдерді ашуды жүргізеді.

40. Сатып алу порталымен ашу хаттамасы қосымша баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғаннан кейін автоматты түрде құрастырылады және тендерлік комиссия құрамы мен хатшының ЭЦҚ қолы қойылады.

Ашық тендерге қатысуға өтінімдерді қарау және ашық тендер қорытындыларын шығару

41. Тендерге қатысуға өтінімдерді Нұсқаулықтың 23-талаптарына өтінімдердің сәйкестігі мәнінде тендерлік комиссия қарайды. Компанияның Сатып алу ережесінің 66-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қабылданбаған өтінімдер сатып алынатын тауарды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізудің (орындау, көрсету) ең үздік шарттарын ұсынған ашық тендердің жеңімпазын таңдау мақсатында тендерлік комиссия салыстырады және бағалайды.

42. Компанияның Сатып алу ережесіне сәйкес тендерлік өтінімдерді салыстыру мен бағалау тендерлік комиссиямен жүргізіледі.

43. Өтінімдерді ашық Тендерге қатысуға өтінімдерді Сатып алу порталында Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерді беру мерзімдері аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тендерлік комиссия қарайды. Күрделі техникалық сипаттамасы және ерекшелігі бар тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге сатып алу жүргізу кезінде өтінімдерді Сатып алу порталында өнім берушілердің ашық тендерге қатысуға өтінімдерді беру мерзімдері аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сарапшыны (сараптамалық комиссияны) тарта отырып тендерлік комиссия қарайды.

44. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қарастыру қорытындысы туралы ақпарат тендерлік комиссия хатшысымен электронды нысанда Сатып алу порталына ендіріледі. Тендерге қатысуға Әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарастырудың электронды нысанында ұсынылған құжаттар, жіберу/бас тарту туралы ақпарат (бас тарту себебін көрсете отырып), сондай-ақ бағаны шартты түрде төмендетуге ықпал ететін критерийлердің түзетілген мәні туралы ақпараттар болады.

45. Тендерлік комиссия хатшысы Сатып алу порталында сатып алу жіберілген өнім берушілердің өтінімдеріне рұқсат беру хаттамасын құрастырады, Нұсқаулықтың 43-тармағында көзделген мерзімдерді тендерлік комиссия құрамындағы Пайдаланушылар ЭЦҚ, сондай-ақ тендерлік комиссия хатшысы ЭЦҚ қолтаңбалары қойылады.

46. Сатып алу порталы тендерлік комиссиямен рұқсат берілген Әлеуетті өнім берушілер арасынан бірінші және екінші орын алған жеңімпаздарды көрсете отырып өткізілген тендер туралы ақпараттармен жүргізілген сатып алу қорытындысы хаттамасын жинақтайды. Ашық тендердің жеңімпазы тендерлік

құжаттамада қамтылған өлшемдердің қолданылуын ескере отырып есептелетін ең төмен шартты баға негізінде айқындалады.

47. Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде сатып алынатын тауардың отандық тауар өндірушісі жеңімпаз (немесе бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) болып танылады. Ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алу қорытындысы хаттамасына Нұсқаулықтың 43-тармағында көзделген мерзімдерді тендерлік комиссия құрамындағы Пайдаланушылар, сондай-ақ тендерлік комиссия хатшысы ЭЦҚ қолтаңбалары қойылады.

48. Ашық тендер Компанияның Сатып алу ережесінің 71-тармағымен көзделген жағдайларда автоматты түрде өткізілмеді деп танылады.

49. Электрондық сатып алуларды ашық тендер тәсілімен өткізілмеді деп танылған кезде Тапсырыс беруші Компанияның Сатып алу ережесінің 72-тармағымен көзделген іс-әрекеттерді іске асыруға құқылы.

50. Автоматты түрде қорытындысы шығарылғаннан кейін Әлеуетті өнім берушілер қорытынды хаттамамен танысуға құқылы.

Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға арналған өтінімнің құрамында берілген құжаттарды олардың сәйкестігі нысанына салыстыру

51. Ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алу жеңімпазы деп танылған Әлеуетті өнім беруші қорытындылар туралы хаттама жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Тапсырыс берушіге салыстыру рәсімдерін жүргізуге ашық тендерге қатысуға өтініммен бірге берілген құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелерді беруге міндетті.

52. Егер тендердің жеңімпазы Компанияның Сатып алу ережесінің 73-1 тармағымен көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ ол ашық тендерге қатысуға өтініммен бірге ұсынған құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелері сәйкес келмеген жағдайда Тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімнің қамтамасыз етуі ұстап қалады және тендерлік комиссия құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелері ұсыну үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ашық тендер жеңімпазын тендерге қатысуға арналған өтінімдегі баға бойынша және олар ұсынған жағдайларда бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп айқындайды.

53. Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде ашық тендер жеңімпазы ашық тендерге қатысуға өтінім құрамында оған берілген құжаттардың түпнұсқасын және/немесе нотариалдық расталған көшірмелерін ұсынбағанда, сондай-ақ құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелерінің арасында сәйкессіздік анықталған кезде шарт жасаудан бас тартқан болып танылады және Тапсырыс беруші осы ақпаратты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілері тізбесінде осындай өнім берушілер туралы мәліметтерді ендіру үшін жібереді.

Нұсқаулықтың осы тармағында белгіленген талаптары заңнама талаптарына сәйкес өтінімде көрсетілген құжаттарға өзгертулер ендірілгенде өтінім берілген кезеңнен бастап шарт жасалған уақытқа дейін жағдайларда қолданылмайды.

54. Ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алу жеңімпазы шарт жасаудан немесе қамтамасыз етуді ендіруден бас тартқанда Тапсырыс беруші ашық тендер тәсілімен Электрондық сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес екінші орын алған Әлеуетті өнім берушімен шартқа отырады.

Ашық екі кезенді тендер өткізу тәсілімен электрондық сатып алулар

55. Ашық екі кезенді тендер тәсілімен Электрондық сатып алу рәсімі мынадай дәйекті іс-шараларды орындауды көздейді:

1) Ашық екі кезеңді тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жүргізу туралы шешім қабылдау, тендер комиссиясының, қажет болған жағдайда сараптау комиссиясының құрамын (сарапшыны) бекіту, тендер комиссиясының хатшысын белгілеу, тендерлік құжаттаманы бекіту;

2) ашық екі кезеңді тендер тәсілімен сатып алу жүргізу туралы хабарландыруды Сатып алу порталында және мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастыру;

3) тендерлік құжаттаманы Сатып алу порталында орналастыру, әлеуетті өнім берушілерге тендерлік құжаттаманы беру;

4) баға ұсыныстарын көрсетпестен Сатып алу порталында ашық екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдау және тіркеу;

5) ашық екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттерді ашу рәсімдерді, Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттерді ашу хаттамасын ресімдеу;

6) тендерлік комиссияның ашық екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға Әлеуетті өнім берушілерден түскен өтінімдерді қарауы;

7) Екі кезеңдік тендердің екі кезеңіне рұқсат алу рәсімінің қорытындысы туралы хаттаманы ресімдеу;

8) Сатып алу Порталында екі кезеңдік ашық тендердің екінші кезеңіне қатысуға Әлеуетті өнім берушілердің өтінімін қабылдау мен тіркеу;

9) екі кезеңдік ашық тендердің екінші кезеңіне қатысуға Әлеуетті өнім берушілердің өтінімін ашу рәсімін жүргізу;

10) Әлеуетті өнім берушілердің қосымша баға ұсыныстарын қабылдау;

11) Әлеуетті өнім берушілердің қосымша баға ұсыныстарын ашу рәсімін жүргізу;

12) тендердің екінші кезеңіне қатысушылардың тендерлік комиссиямен баға ұсыныстарының және қосымша баға ұсыныстарының бағасын төмендету (олар бар болған жағдайда) және техникалық ерекшеліктерін нақтылау (олар бар болған жағдайда);

13) екі кезеңдік ашық тендердің қорытындысын шығару, екі кезеңдік ашық тендердің қорытындысы туралы хаттаманы ресімдеу;

14) Сатып алу Порталында екі кезеңдік ашық тендердің қорытындысы туралы хаттаманы орналастыру;

15) екі кезеңдік ашық тендердің жеңімпазымен сатып алу туралы шартқа отыру.

56. Екі кезеңдік ашық тендер тәсілімен Электронды сатып алуды өткізу кезіндегі екінші кезеңде келесі іс-шаралар жүзеге асырылуы мүмкін:

1) Ұйымдастырушы, қажет болған жағдайда, техникалық ерекшелікті нақтылауды қоса алғанда, Тендерлік құжаттамаға өзгерту енгізеді;

2) Техникалық ерекшелікті нақтылауды қоса алғанда, Тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда Сатып алу порталына тендердің бірінші кезеңіне қатысуға өтінім берген Әлеуетті өнім берушілерге енгізілген өзгерістер туралы хабарлама жібереді.

57. Егер басқа жағдайлар аталған Нұсқаулық пен Компанияның сатып алу туралы Ережесінде қарастырылмаған болса екі кезеңдік ашық тендер жүргізу кезінде пайдаланылған ашық тендер рәсімі қолданылады.

3. БАҒА ҰСЫНЫСТАРЫНА СҰРАУ САЛУ ТӘСІЛІМЕН ЭЛЕКТРОНДЫ САТЫП АЛУЛАР

58. Баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен электронды сатып алулар Компанияның сатып алу туралы Ережесіне және аталған Нұсқаулыққа сәйкес Тапсырыс берушілермен іске асырылады.

59. Ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатып алу порталында және мемлекеттік сатып алудың веб-порталында келесі ақпарат мазмұнымен баға ұсыныстарын сатып алу тәсілін өткізу туралы жариялайды:

1) жоспарланған баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілін өткізу туралы - атауы, қысқаша сипаттамасы, сонымен қатар тауардың талап етілген көлемі, орны, төлеуге қойылатын талаптар, тауарды жеткізу мерзімі мен шарттары, жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулер (қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікпен), жеңімпаз болып танылған Әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шартқа отыру мерзімі;

2) Әлеуетті өнім берушілермен баға ұсыныстарын ұсынуды бастау мерзімі;

3) баға ұсыныстарын ашу күні мен уақыты, бұған қоса баға ұсыныстарын ашу күні мен уақыты жұмыс күні Астана уақытымен 10:00-ден бастап 18:00-ге дейінгі кезеңде анықталуы тиіс;

4) сатып алу туралы шарт жобасы;

5) өткізілген баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілінің мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді ҚҚС-ны есепке алусыз, сатып алуға арналған әрбір лот бойынша бөлінген сома туралы мәлімет;

Баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен Электронды сатып алу кезінде сатып алуды жүргізу туралы хабарландырудағы лоттардың жалпы саны 100 (жүз) лоттан аса алмайды.

60. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құпия ақпаратқа қолжетімділікті шектеу мақсатында баға ұсыныстарын ашу күні мен көрсетілген уақытқа дейін Әлеуметті өнім берушілердің барлық баға ұсыныстары Сатып алу порталында шифрланады. Хабарландыру жарияланған кезде Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы Әлеуетті өнім берушінің содан кейін өтінімдерін ашу үшін Ұйымдастырушының Жұмыс орнында Сатып алу порталымен генерацияланған әрбір хабарландыру үшін бірегей жабық кілтті сақтайды.

61. Тапсырыс берушімен/Ұйымдастырушымен жабық кілтті сақтағаннан кейін Сатып алу порталы берілген реттік нөмірмен хабарландыруды тіркейді.

62. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстары Сатып алу порталында белгіленген талаптарға сәйкес Электронды құжат түрінде құрылады және баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен Электронды сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын ашу күні мен уақытына дейін ұсынылады.

63. Әрбір Әлеуетті өнім беруші төмендегі мәліметтер мен құжаттары бар тек бір ғана баға ұсынысын бере алады:

1) Әлеуетті өнім берушінің атауы, нақты мекенжайы;

2) жеткізілетін тауар атауы, сипаттамасы мен саны (маркасы/моделін, өндірушінің атау мен шыққан елін көрсетумен), атқарылатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы мен көлемі;

3) жеткізілетін тауарлардың, атқарылатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің орны мен мерзімі;

4) оған тауарды жеткізумен, жұмыстарды орындаумен, қызмет көрсетулермен байланысты шығындар кіретін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ҚҚС-ны есепке алусыз, әрбірінің бағасы және жалпы бағасы;

5) Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің электронды көшірмесі және/немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы анықтама және/немесе тіркеудің электронды жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (www.e.gov.kz) веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар Әлеуетті өнім беруші өтініші, жеке тұлғалар үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде іріктеуден өткендігі туралы құжаттың электронды көшірмесі, уақытша бірлескен заңды тұлғалар (консорциум) үшін - консорциум туралы келісім шарттың электронды көшірмесі (бірлескен шаруашылық қызметтері туралы келісім) және Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің электронды көшірмесі және/немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы анықтама немесе консорциум қатысушыларын тіркеудің электронды жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (www.e.gov.kz) веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар Әлеуетті өнім беруші өтініші;

6) Электронды жүйесін пайдаланатын лицензияны беруші мемлекеттік органның ресми интернет көзінде (веб-сайтында) сілтемесі бар Әлеуетті өнім беруші лицензиясының көшірмесін немесе өтініш

көшірмесі (егер сатып алу талаптары бойынша міндетті түрде лицензиялау талап етілетін қызмет көрсетілген болса);

7) Электронды көшірме түріндегі техникалық ерекшеліктері (егер баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен сатып алуды жүргізу бойынша хабарландыруда техникалық ерекшелік пен техникалық ерекшелікті Әлеуетті өнім берушімен ұсыну туралы талаптар болса);

8) Сатып алуға қатысушы мәртебесіне сәйкес келетіндігі туралы құжаттардың электронды көшірмесі (егер сатып алуларды жүргізу Компанияның Сатып алу ережесінің 96-тармағында көрсетілген Әлеуетті өнім берушілер арасында жүргізілетін болса).

Баға ұсыныстарын құрастыру кезінде аталған Нұсқаулықтың 63-тармағында тізбектелген нотариалдық куәландырылған құжаттардың электронды көшірмесін ұсынуға жол беріледі.

64. Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары Әлеуетті өнім берушілердің ЭЦҚ қол қойылуы тиіс.

65. Әлеуетті өнім берушілер берілген баға ұсыныстары Сатып алу порталында автоматты түрде тіркеледі. Әлеуетті өнім берушіге баға ұсыныстарын қабылдауда оның қабылданғандығы немесе бас тартқандығының расталғандығы ретінде Сатып алу порталымен тиісті хабарлама жіберіледі.

66. Баға ұсыныстарын қабылдаудан бас тарту келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) ашу күні мен уақыты келген соң Әлеуетті өнім берушімен баға ұсыныстарын беру;

2) Әлеуетті өнім берушімен бірден көп баға ұсыныстарын беру;

3) Әлеуетті өнім берушімен сатып алуға бөлінген сомадан асатын баға ұсыныстарын беру;

4) Әлеуетті өнім берушілер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның жосықсыз Әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізілімінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға сенімсіз қатысушылар тізілімінде тұрса.

67. Әлеуетті өнім берушімен баға ұсыныстарын беру сәтінде шифрлау жүргізіледі. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімін ашу сәтіне дейін Тапсырыс берушімен/Ұйымдастырушымен баға ұсыныстары Сатып алу порталының барлық Қатысушыларына қол жетімсіз болады.

68. Баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғанға дейін Әлеуетті өнім беруші өзінің ұсынған баға ұсыныстарын кері қайтаруға және жаңа баға ұсыныстарын беруге құқығы бар.

69. Баға ұсыныстарын ашудың күні және уақыты келгенде, аяқталғаннан кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірмей, жергілікті компьютерде сақталған жабық кілтті хабарландыруға басу арқылы Ұйымдастырушы ашады.

70. Сатып алу порталы шифрды ашады және берілген баға ұсыныстарының мазмұнын жариялау арқылы хабарландыру бойынша барлық ұсынылған баға ұсыныстарын ашу іске асырылады.

71. Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сатып алу порталында орналастырылған баға ұсыныстарын қарастыру рәсімін жүргізеді.

72. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстары ауытқуға жатады, егер:

1) Әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең үздік шарттарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ең үздік сипаттамаларын ұсынғанда, техникалық ерекшеліктің сәйкес келмеу жағдайларын қоспағанда, Әлеуетті өнім берушімен ұсынылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейді, Әлеуетті өнім беруші келісімін бермейді деп танылғанда, не болмаса сатып алу шарттарына өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізуге ұсыныс жасалса;

2) баға ұсыныстары Нұсқаулықтың 63-тармағында қарастырылған талаптарға сәйкес келмесе;

3) Консорциумға кіретін Әлеуетті өнім беруші не болмаса қосалқы мердігер (қосалқы орындаушы) немесе заңды тұлға «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның жосықсыз Әлеуетті өнім берушілер тізілімінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға сенімсіз қатысушылар тізілімінде тұрса;

73. Нұсқаулықтың 72-тармағында қарастырылған негіздемелер бойынша қабылданған баға ұсыныстарының бағасын салыстыру Сатып алу порталында автоматты түрде жүргізіледі. Бірнеше Әлеуетті өнім берушілер ұсынылған ең төменгі баға ұсынылған кезде, басқа Әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстарынан бұрын баға ұсыныс келіп түскен Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

74. Әлеуетті өнім берушілердің арасында баға ұсыныстары аталған нұсқаулықтың 72-тармағына сәйкес қабылданған ең төменгі баға ұсынған Әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын электронды сатып алу әдісінің жеңімпазы болып танылады.

75. Баға ұсыныстарын электронды сатып алу әдісі өткізілмеді деп танылатын жағдайлар:

- 1) екіден кем баға ұсыныстарын ұсынғанда;
- 2) нұсқаулықтың 72-тармағында қарастырылған негіздемелер бойынша баға ұсыныстары қабылданбағанынан кейін кем дегенде екі баға ұсыныстары қалған жағдайда;
- 3) Әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартқа отырудан бас тартқан жағдайда.

76. Баға ұсыныстарына электронды сатып алу әдісі өткізілмеді деп танылатын жағдайларда, Тапсырыс берушінің мыналарға құқығы бар:

- 1) баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен сатып алуларды қайта жүргізуге;
- 2) сатып алу шарттарын өзгерту және баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен сатып алуларды қайта жүргізуге;
- 3) сатып алуды бір көзден сатып алуды іске асыруға.

Аталған Нұсқаулық тармағының 3) тармақшасында қарастырылған шешім Тапсырыс берушімен сатып алу қорытындысының хаттамасы бекітілген күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдануы тиіс.

77. Баға ұсыныстарына электронды сатып алу әдісінің қорытындысы хаттама түрінде ресімделеді және ашқан күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей қорытындысы шығуы тиіс. Баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен сатып алу қорытындысының хаттамасы Сатып алу порталында құрылады және келесі мәліметтерден тұруы тиіс:

- 1) Тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, олардың пошталық мекенжайы;
- 2) Баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен жүргізілген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің аталуы;
- 3) Баға ұсыныстарын ұсынған Әлеуетті өнім берушілердің толық атауы, олармен жарияланған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бағасы;
- 4) ауытқудың негізгі себептерін көрсете отырып, баға ұсыныстарының ауытқуы туралы;
- 5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы туралы;
- 6) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың екінші жеңімпазы туралы;
- 7) тендердің қорытындылары туралы;
- 8) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу болған жағдайда, , сатып алу туралы шартты жасасу сомасы туралы;

78. Сатып алу Порталында ашу күні мен уақытына дейін Әлеуеттік өнім берушімен баға ұсыныстары ұсынылмаған жағдайда, осы Нұсқаулықтың 77 тармағына сәйкес автоматты түрде қорытынды туралы хаттама жасалады.

79. Қорытынды туралы хаттама бекітіледі, сатып алу бойынша Тапсырыс берушінің/Ұйымдастырушының және сатып алу бойынша Тапсырыс берушінің/Ұйымдастырушының бірінші басшысының немесе басқа уәкілеттік тұлғасының Пайдаланушы ЭЦҚ қолдары қойылады және осы Нұсқаулықтың 77- тармағына қарастырылған мерзімде Сатып алу Порталында жарияланады.

80. баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен Электрондық сатып алудың жеңімпазы болып мойындалған Әлеуетті өнім беруші қорытынды туралы хаттама жарияланған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттарға сәйкес салыстыру рәсімдерін жүргізу үшін баға ұсыныстарының құрамында ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларын және/немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелерін ұсынуға міндетті.

81. Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу жеңімпазы баға ұсыныстарының құрамында ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларын және/немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелерін ұсынбаса, шарт жасаудан бас тартқан болып есептелінеді және мұндай өнім берушілер

туралы «Бәйтерек».ҰБҚ» АҚ Сенімсіз өнім берушілер тізіміне енгізу үшін бұл ақпарат Тапсырыс берушімен жіберіледі.

Нұсқаулықтың осы тармағында қарастырылған талаптар өтінім беру сәтінен бастап шартты жасаған сәтке дейінгі кезеңде өтінім берген құжатта заңдарға сәйкес өзгертулер енгізілген жағдайда қолданылмайды.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

82. Электрондық тәсілмен жүргізілмеген сатып алу туралы келесі мәліметтер жылдың есептілік кезеңінің соңына дейін сатып алу Порталына енгізілуі тиіс:

- 1) ТЖҚ коды;
- 2) сатып алуды өткізу күні;
- 3) бірлік бағасы;
- 4) саны;
- 5) сатып алу сомасы;
- 6) жеңімпаз өнім берушінің БСН-і;
- 7) жеңімпаз өнім берушінің атауы.

83. Сатып алу Порталына орналастырылған Электрондық құжат/Электрондық көшірмелері 20 Мб аспауы тиіс. Көрсетілген көлемнен асқан жағдайда, құжатты/көшірмені әрқайсысы 20 Мб аспайтын бөлшектерге бөлу керек.

84. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген Электрондық сатып алу аясындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңдарымен және Компанияның Сатып алу ережесімен реттеледі.

85. Компанияның Осы Нұсқаулықпен басқаша қарастырылмаған жағдайда, Сатып алу ережесінің қағидалары Электрондық сатып алуға да қолданылады.

Нұсқаулыққа 1 қосымша

Сатып алу порталына қатысушыларды тіркеу тәртібі

1. Жалпы ереже

1. Сатып алу порталына қатысушы Компания және Сатып алу порталының иесіне өзі туралы ұсынған мәліметтердің дұрыстығы мен өзектілігі, толықтығына жауап береді.

2. Сатып алу порталында жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте Пайдаланушыларда заңды тұлғаның аутентификация сертификаты болуы тиіс.

3. Сатып алу порталына кіру құпия сөз тіркеу рәсімдерін өту кезінде Пайдаланушылардың өз еркімен белгіленеді және құпия ақпарат болып саналады.

4. Сатып алу порталына қатысушы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес құпия ақпаратты ашқаны үшін жауап береді және құпия ақпараттарды қорғау бойынша шаралар қолдануға міндетті.

5. Сатып алу порталына қатысушы Сатып алу порталындағы жеке кабинеттегі бар өзі туралы ақпараттарды өзекті түрде қолдау үшін жауап береді.

2. Сатып алу порталына қатысушыларды тіркеу

6. Сатып алу порталына қатысушыларды тіркеу үшін келесі ақпараттарды көрсету арқылы Сатып алу порталына қатысушы ретінде өз еркімен өтініштің электрондық үлгісін толтырады:

- 1) Заңды тұлғалар үшін:
- 2) Сатып алу порталына қатысушының толық атауы, ұйым деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні, ұйымның ұйымдастыру – құқықтық нысаны, меншік нысаны, кәсіпорын көлемі, экономика секторының коды;
- 3) Банк деректемелері;
- 4) Заңды, пошталық мекенжайы, электрондық поштасын қоса алғанда байланыс мәліметтері және байланыс телефоны;
- 5) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және бірінші басшының лауазымы;
- 5) Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің электрондық көшірмесі немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы анықтама немесе тіркеудің электрондық жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (www.e.gov.kz) веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар әлеуетті өнім беруші өтініші, жеке тұлғалар үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеуден өткендігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі, уақытша бірлескен заңды тұлғалар (консорциум) үшін - консорциум туралы келісім шарттың электрондық көшірмесі және мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің электрондық көшірмесі және консорциум қатысушыларын тіркеудің электрондық жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (www.e.gov.kz) веб-сайтына) жасалынған сілтемесі бар әлеуетті өнім беруші өтініші;

6) құрылтайшылары туралы мәліметтері бар электрондық құжат: заңмен белгіленген тәртіп бойынша бекітілген жарғының электрондық көшірмесі, тұрпаттық жарғы негізінде тіркеуден өткен заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның тіркеуден өткендігі туралы белгіленген нысандағы өтінішінің электрондық көшірмесі (егер консорциум қатысқан жағдайда әрбір заңды тұлғаның электрондық жарғысының көшірмесі ұсынылады, тұрпаттық жарғы негізінде тіркеуден өткен заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаның тіркеуден өткендігі туралы белгіленген нысандағы өтінішінің көшірмесі), конвертті ашу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алынған акция ұстаушылары тізілімінен алынған үзіндінің электрондық көшірмесі, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілген құрылтайшылар туралы мәліметтер бар басқа құжаттың электрондық көшірмесі.

7) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының тағайындалуы (сайлануы) туралы құжаттың электрондық көшірмесі (егер консорциум қатысатын болса, онда, консорциумға кіретін кез келген заңды тұлғаның бірінші басшысының тағайындалуы (сайлануы) туралы құжаттың электрондық көшірмесі немесе консорциумға кіретін кез келген заңды тұлғаның консорциум туралы келісімге уәкілетті өкілінің қолын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

8) әлеуетті өнім берушінің атынан тендерге қатысуға берілетін өтінімге, оның ішіндегі құжаттарға қол қоюға құқық беретін және бағаны төмендету үшін қосымша баға ұсыныстарын беруге құқық беретін тұлғаларға берілген сенімхаттарының электрондық көшірмесі, әлеуетті өнім берушінің жарғысы негізінде әлеуетті өнім беруші атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының құқығын растау қажет етілмейді.

Кәсіпкерлік қызметті іске асыратын жеке тұлғалар үшін:

- 1) Сатып алу порталына қатысушының толық атауы, ұйым деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні, ұйымның ұйымдастыру – құқықтық нысаны, меншік нысаны, кәсіпорын көлемі, экономика секторының коды;
- 2) банк деректемелері;
- 3) заңды, пошталық мекенжайы, электрондық поштасын қоса алғанда байланыс мәліметтері және байланыс телефоны;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;
- 5) жеке кәсіпкерлік ретінде мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

7. Тіркеуге өтініш құрастыру кезінде Нұсқаулықтың осы қосымшасының 6-тармағында көрсетілген құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелерінің электрондық көшірмелерін ұсынуға рұқсат беріледі.

8. Сатып алу порталына қатысушысын тіркеу Сатып алу порталы тізіліміне тиісті мәліметтерді автоматты түрде енгізу арқылы Сатып алу порталымен іске асады.

5. Тіркеу және пайдаланушының өкілеттігі

9. Пайдаланушы сатып алу Порталында тіркелу үшін ҰКО сертификатымен арқылы аутентификация рәсімдерінен өтуі тиіс. Пайдаланушының Сатып алу Порталының қатысушысы туралы мәлімет Сатып алу Порталымен Аутентификация сертификатынан автоматты түрде анықталады.

10. Пайдаланушының сатып алу Порталына тіркеу үшін келесі ақпараттарды көрсету арқылы тіркеуге арналған электронды нысанды өз еркімен толтырады.

- 1) фамилиясы, аты, әкесінің аты;
- 2) жеке сәйкестендірілген нөмір;
- 3) электрондық поштаның мекенжайы.

11. Жасалған есеп жазбасы Сатып алу порталында алып тастауға жатпайды, Пайдаланушы өкілеттігі тоқтаған жағдайда, Сатып алу Порталының қатысушысы Сатып алу порталында, Пайдаланушының есеп жазбасының әрекет етуін тоқтатады.

12. Сатып алу Порталының Қатысушысы Сатып алу Порталында өз пайдаланушысының құқығын белгілеуге құқығы бар.

Нұсқаулықтың 2-қосымшасы

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы»
ИҰ» АҚ

_____ (лауазымы көрсетіледі)

_____ (аты-жөні көрсетіледі)

20__ ж. _____ №__ бұйрығымен
«БЕКІТІЛДІ»

Тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді электрондық сатып алу бойынша үлгілік тендерлік құжаттама

Осы Үлгілік тендерлік құжаттама (бұдан әрі – Тендерлік құжаттама) «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 29 қарашадағы №14 шешімімен бекітілген «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүргізу ережесіне (бұдан әрі – Ереже) және «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2015 жылғы 13 қарашадағы №59 шешімімен бекітілген «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді электрондық сатып алуды жүргізу бойынша нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес әзірленді. (Қажет болған жағдайда Тендерлік құжаттама Тапсырыс берушінің ағымдағы ішкі құжаттарына сәйкес өзгертілуі және / немесе толықтырылуы мүмкін).

Ереже мен Нұсқаулық мына корпоративтік сайтта орналастырылған _____ (корпоративтік сайтқа сілтеме жасалады).

Осы электрондық сатып алулар мына веб-порталда ақпараттық жүйе арқылы жүргізіледі: _____ (сатып алу порталына сілтеме жасалады).

Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілердің назарын Тендерлік құжаттамада, Ережеде және Нұсқаулықта белгіленген шарттарды **айқын және толық** сақтау қажет екендігіне аударамыз.

Сатып алуды бюджетті (бизнес-жоспар, кіріс және шығыстар сметасы) және сатып алу жоспарын бекіткенге дейін жүргізу қажет болған жағдайда, келесі абзац қосылады:

Осы сатып алулар Ереженің 12-тармағына сәйкес жүргізіледі, оның талаптары бойынша Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді көрсетушіні таңдауға қатысты сатып алу процедурасын бюджетті (бизнес-жоспар, кіріс және шығыстар сметасы) және сатып алу жоспарын бекіткенге дейін жүргізе алады. Бұл ретте сатып алу туралы шартты жасаудың талабы бюджетті (бизнес-жоспар, кіріс және шығыстар сметасы) бекіту және өнім берушіні таңдауға қатысы бар, сатып алу процедуралары іске асырылған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша сатып алу жоспарын бекіту болып табылуы тиіс.

Ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу процедурасы Нұсқаулықтың ережелері есебімен, Ережеде айқындалған ашық тендер процедурасына ұқсас.

Осы Тендерлік құжаттамада келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

Сатып алу порталы – электрондық сатып алу процесіне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын ақпараттық жүйе;

Электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

Электрондық көшірме - түпнұсқа құжаттың түрін және ондағы ақпаратты (деректерді) электрондық цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

ЭЦҚ - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың

шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

Тендерлік құжаттама, Ереже және Нұсқаулық арасында қайшылықтар анықталған жағдайда Ереже мен Нұсқаулықтың нормалары қолданылады.

Сатып алудың атауы: _____ тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді электрондық сатып алу бойынша ашық тендер (бұдан әрі – тендер/ашық тендер).

1. Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері:

Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы: *(атауы, орналасқан жері, БСН, банктік деректемелері көрсетіледі)*

2. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға бөлінген сома: *(Сатып алу жоспарына сәйкес сома көрсетіледі).*

3. Тендерге қатысу үшін өтінімді қамтамасыз ету көлемі – ҚҚС есебінсіз, сатып алуға бөлінген сомадан 1% мөлшерінде. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету көлемі өткізілген тендердің қорытындысы бойынша жасалған сатып алу шартының сомасынан *(10%-дан аспайтын мөлшерде көрсетіледі, ұзақ мерзімді сатып алу кезінде 3%-дан аспайды)* % құрайды.

4. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану ерекшеліктері: Техникалық ерекшелікке сәйкес (Тендерлік құжаттаманың №2 қосымшасы).

5. Әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптар: Электрондық сатып алуларға қатысу үшін әлеуетті өнім берушілердің:

1) құқық қабілеттілігі *(заңды тұлғалар үшін);*

2) азаматтық әрекетке қабілеттілігі (кәсіпкерлік қызметті іске асыратын жеке тұлғалар үшін) болуы тиіс.

6. Өткізілетін сатып алулардың нысаны болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі: Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесіне (Тендерлік құжаттаманың №1 қосымшасы) және/немесе Техникалық ерекшелікке сәйкес (Тендерлік құжаттаманың №2 қосымшасы).

7. Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен талаптары, тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуге қажетті мерзімдер (кесте) және ұсынылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің сапасына кепілдік беру: Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесіне (Тендерлік құжаттаманың №1 қосымшасы) және/немесе Техникалық ерекшелікке сәйкес (Тендерлік құжаттаманың №2 қосымшасы).

8. Төлем талаптары және сатып алу туралы шарттың едәуір талаптары көрсетілген жобасы: Тендерлік құжаттаманың №4 қосымшасына сәйкес.

9. Бағалаудың барлық өлшемдерінің сипаттамасы және бағаны шартты түрде төмендетуге немесе ұлғайтуға ықпал ететін тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін салыстыру:

9.1. Тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің кері қайтарылмаған өтінімдерін осы Тендерлік құжаттамадағы өлшемдерге сәйкес тендерлік комиссия салыстырады және бағалайды. Ашық тендердің жеңімпазы төменде көрсетілген міндетті өлшемдерді қолдану есебімен есептелген ең төмен шартты бағаның негізінде анықталады:

1) әлеуетті өнім беруші мүгедектер ұйымы болып табылады (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлға) (бағаны 5%-ға шартты түрде төмендету);

2) әлеуетті өнім берушіде соңғы он жыл ішінде қызметті көрсетілгенді растайтын тиісті жүкқұжаттармен, актілермен расталған біртекті қызметті сатып алу рыногында жұмыс тәжірибесінің болуы (бағаны шартты түрде төмендету – әр 1 жыл жұмыс өтілі үшін 0,5%, бірақ 5%-дан көп емес).

Тендерлік құжаттамада (техникалық сипаттамада) әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін міндетті түрде растауға қарастырылған талаптар болғанда осы өлшемдер қолданылмайды.

3) әлеуетті өнім берушіде өткізілетін сатып алудың тиісті мәніне Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес менеджмент жүйесі сертификатының нотариалдық куәландырылған көшірмесімен немесе сертификатты берген ұйым куәландырған көшірмемен расталған менеджменттің сертифицираталған жүйесінің (жүйелерінің) болуы (бағаларды шартты түрде төмендету - 1%);

4) Әлеуетті өнім берушінің меншігінде сатылып алынатын жұмыстарға қажетті тиісті нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмелерімен расталған мүлік, техника, жабдық, материалдарды өндіру тораптары, (техникалық құжаттар, шот фактуралар және меншік құқығын растайтын өзге де құжаттар) болған жағдайда бағаға төмендегі шартты төмендетулер қолданылады:

Жабдық, құрылыс материалдары, механикалар атауы	Ең төменгі мөлшері (бірлігі)	Бағаға шартты төмендету
Объект құрылысы аймағында өндіріс базасының болуы	1 бірліктен кем емес	1%
Бетон жасау торабының болуы	1 бірліктен кем емес	0,25% (нөл бүтін жүзден жиырма бес пайыз);
Құймақ жасау торабының болуы	1 бірліктен кем емес	0,25% (нөл бүтін жүзден жиырма бес пайыз);
Өнімділігі сағатына 50 м ³ кем емес бетонсорғыштың болуы	1 бірліктен кем емес	0,25% (нөл бүтін жүзден жиырма бес пайыз);
16 тоннадан кем емес жүкті көтеретін жүккөтеру крандарының болуы	3 бірліктен кем емес	0,25% (нөл бүтін жүзден жиырма бес пайыз);
БАРЛЫҒЫ		2%

5) Әлеуетті өнім берушінің құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде сатылып алынатын біртекті жұмыстар нарығында соңғы 10 жыл ішінде жұмыс тәжірибесі боған жағдайда (бұл жерде жұмыс тәжірибесіне құрылыс құны осы тендерде сатылып алынатын жұмыстардың жалпы құнының 15% (он бес) пайызынан кем емес объектілерінің ғана құрылысы теңестіріледі) - шартты төмендету орындалған жұмыстар құны мен фактісін растайтын тиісті нотариалды куәландырылған шарттар мен орындалған жұмыс актілерінің немесе шарттар мен КС-3 анықтамаларының немесе мемлекеттік қабылдау комиссиясы актілерінің көшірмелерімен расталған әр объекті үшін 0,5% (нөл бүтін онна бес пайыз).

4), 5)-тармақшалардың талаптары құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде ғана қолданылады.

9.2. Әлеуетті өнім беруші бағаны шартты түрде төмендетуге әсер ететін өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тендерлік комиссия осындай әлеуетті өнім берушіге шартты жеңілдікті қолданбайды, бұл ретте бағаны шартты түрде төмендетуге әсер ететін өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбау осындай өтінімді қабылдамауға негіз болмайды.

9.3. Консорциум тендеріне әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға арналған өтінімдерін бағаны шартты түрде төмендетуге әсер ететін міндетті баға өлшемдері мен салыстырулар қатысқан жағдайда тендерлік комиссия консорциумға қатысушылардың консорциялық келісімімен анықталған оның басты қатысушысына ғана қолданады.

10. Әлеуетті өнім берушіні холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) тізбесіне енгізу жағдайлары туралы ақпарат:

10.1. сатып алудың жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім берушінің (бағалау және салыстыру қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің) сатып алу туралы шарт жасаудан бас тарту жағдайында.

10.2. келесі жағдайларды қоспағанда, тендер тәсілімен, бір көзден алу тәсілімен жүргізілген сатып алулар бойынша шартта бекітілген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізбеу:

10.2.1. Тапсырыс беруші шарт бойынша Тапсырыс беруші айқындаған аванстан (алдын ала төлемнен) әлеуетті өнім берушінің бас тартуымен байланысты шарт бойынша төлем талаптарын өзгерткенде;

10.2.2. Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы;

10.2.3. Тапсырыс берушінің/берушілердің авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді талап етуі:

- Холдингтің компаниялар тобына кіретін ұйымдар;
- сатып алу нысаны сақтандыру қызметтері, электр энергиясы немесе жанар-жағармай материалдары болған жағдайлар (Тапсырыс берушінің шешімі бойынша);
- мүгедектер ұйымы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек-жеке тұлға);
- Тапсырыс берушінің/берушілердің шарттың орындалуын қамтамасыз етуді талап етуі;
- мүгедектер ұйымы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек-жеке тұлға);
- Холдингке кіретін ұйымдар;

10.3. Сатып алу туралы шартты орындамау немесе тиісінше орындамау фактісін айқындаған соттың заңды күшіне енген шешімі (қаулысы) болған жағдайда.

10.4. Сатып алу ережесіне сәйкес тендер тәсілімен өткізілген сатып алудың жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім берушінің (бағалау және салыстыру қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің) ұзақ мерзімді шарт жасаудан бас тарту жағдайында.

10.5. Әлеуетті өнім беруші міндетті бағалау критерийлері және тендерге қатысу өтінімдерін салыстыру бойынша жалған ақпарат ұсынған жағдайда.

Әлеуетті өнім беруші мына жағдайларда сатып алуларға қатысуға құқығы жоқ:

1) әлеуеттік өнім беруші «Бәйтерек» ҰҚБ» АҚ (әрі қарай – Холдинг) сенімсіз өнім берушілер тізімінде және (немесе) мемлекеттік сатып алу бойынша жосықсыз қатысушылар тізілімінде тұрса;

2) консорциумға енетін заңды тұлға Холдингтің сенімсіз өнім берушілер тізімінде және (немесе) мемлекеттік сатып алу бойынша алақол қатысушылар тізілімінде тұрса.

Сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған, сатып алу жеңімпазы атанған жағдайда шартқа отырудан бас тартқан немесе біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген, Холдингтің сенімсіз өнім берушілері тізіліміне енгізілген өнім беруші, аталған фактілер белгіленген сәттен бастап, жиырма төрт ай ішінде Холдингтің компаниялар тобының сатып алуларына қатысуға жіберілмейді.

11. Баға ұсынысының мазмұнына қойылатын талаптар:

11.1. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысында көрсетілетін Қызметті тасымалдауға және сақтандыруға шығыстар, кедендік баждарды, басқа да салықтарды, алымдарды төлеу, сондай-ақ Қызметті көрсету талаптарында көзделген өзге де шығыстарды қамтылған, ҚҚС есептемегенде, олардың бірлігіне баға, сондай-ақ жалпы/қорытынды бағасы көрсетілуі қажет;

Әлеуетті өнім беруші баға туралы ұсыныс беру үшін Сатып алу порталында тиісті формада хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес цифрлармен баға туралы ұсыныс енгізеді және оған ЭЦҚ қояды.

11.2. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы тендерлік құжаттамада айқындалған, Тапсырыс берушінің талаптарында көрсетілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша жалпы/қорытынды бағаға жеңілдікті, сондай-ақ баламалы талаптар есебімен ұсынылған, тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша жалпы/қорытынды бағаға жеңілдікті қамтуы мүмкін.

11.3. Әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес, тендерлік құжаттамада айқындалған жалпы/қорытынды бағаға жеңілдіктер және (немесе) баламалы талаптарға сәйкес жеңілдіктер ұсынған жағдайда, баға ұсынысы аталған жеңілдіктер есебімен жалпы/қорытынды бағаны қамтуы тиіс.

12. Қосымша баға ұсынысы:

12.1. Әлеуетті өнім берушінің тендер (лот) бойынша бағаны төмендетуге бір қосымша баға ұсынысын беруге құқылы, бұл ретте Тендерлік құжаттаманың 12-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келетін тиісті тендердің (лоттың) атауы көрсетілуі тиіс;

12.2. Тендерге қатысуға өтінімдер берген әлеуетті өнім берушілерге Сатып алу порталы төмендетуге арналған қосымша баға ұсынысын беру мүмкіндіктері туралы хабарлама жібереді.

12.3. Бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысы (бар болса) Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші белгіленген мерзімде Сатып алу порталында ашу рәсімі аяқталғаннан кейін беріледі (өтінімдерді ашқан сәттен бастап кем дегенде бір сағат аралығында, бірақ ашу рәсімдері аяқталғаннан кейін үш сағаттан асырмай). Әлеуетті өнім берушілердің Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші көрсеткен кезең аралығында бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысын беруге құқылы.

12.4. Әлеуетті өнім берушілердің қосымша баға ұсынысында ашық тендерде қатысуға өтінімде бұрын берілген бағадан жоғары бағаны көрсетуге құқығы жоқ.

12.5. Егер әлеуетті өнім берушінің баға төмендетудің қосымша ұсыныстары оның тендерге қатысу үшін ұсынған өтінім құрамындағы баға ұсыныстарынан жоғары болатын болса, онда тендерлік комиссия аталған қосымша баға ұсыныстарын есепке алмайды.

12.6. Баға туралы ұсынысты беру үшін әлеуетті өнім беруші Сатып алу порталында тиісті нысанда Портал талаптарына сәйкес баға туралы ұсыныстары мен хабарлама енгізеді және оған ЭЦҚ-мен қол қояды.

13. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстары мен оларды салыстыру мен бағалау мақсатында баға ұсыныстарын бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам мен валюталар:

13.1. Қазақстан Республикасы резиденті болып табылатын әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстары теңгемен көрсетілуі тиіс.

13.2. Қазақстан Республикасы бейрезиденті болып табылатын әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстары басқа валютада көрсетілуі мүмкін.

13.3. Егер әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстары әртүрлі валютада көрсетілген болса, онда оларды бағалау мен салыстыру тендерге қатысу үшін өтінімдерді ашу күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген шетел валютасына шаққандағы Қазақстан Республикасы валютасына ауыстырылады.

14. Әлеуетті өнім берушілер өткізілетін сатып алулардың нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруі мүмкін жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемдері:

14.1. Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірге орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке (бірге орындауға) жиынтықта жұмыстардың (құрылыс құны), қызметтердің үштен екі бөлігінен артық беруіне жол бермейді.

14.2. Әлеуетті өнім берушілер өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірге орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемін пайыздық ара-қатынаста көрсетуі тиіс.

15. Тендерге қатысу үшін өтінімді толтыру және ұсыну тіліне қойылатын талаптар:

15.1. Тендерге қатысуға өтінім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тілде толтырылады. Бұл ретте Өтінім Тендерлік құжаттаманың тіліне нотариалдық расталған аударма қоса

тіркелетін жағдайда ғана басқа тілде толтырылған құжаттарды қамтуы мүмкін және бұл ретте аударманың күші басым болады.

15.2. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын әлеуетті өнім беруші Тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды немесе Тендерлік құжаттаманың тіліне нотариалдық расталған аудармамен Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.

16. Тендерге қатысуға өтінімді енгізу талаптары, мамұны және қамтамасыз ету түрлері:

16.1. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысатын өтінімді қамтамасыз етуді Тендерлік құжаттаманың 2-т. көрсетілген соманың 1 (бір) пайызы көлемде енгізеді және ол төмендегілерге кепілдік береді:

1) өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін тендерге қатысатын өтінімді қайтарып алмауға немесе өзгертпеуге;

2) оны тендер жеңімпазы деп таныған жағдайда тендер нәтижелері туралы хаттамамен белгіленген мерзім ішінде Тапсырыс берушімен шартқа отыруға және егер сатып алу талаптары бойынша қамтамасыз етуді енгізу талап етілетін болса, онда сатып алу туралы шартын орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды енгізуге.

16.2. Тендерге қатысатын өтінімдерді қамтамасыз етудің төменде берілген түрлерінің бірін таңдай алады:

1) Тендерлік құжаттама 1 тармақшасында көрсетілген Тапсырыс беруші банктік шотына енгізілетін ақшалай кепілдік жарнасы;

2) Тендерлік құжаттаманың №3 қосымшасында берілген нысан бойынша банк кепілдігі.

17.3. Әлеуетті өнім беруші банк кепілдігі түрінде тендерге қатысатын өтінімдерді қамтамасыз етуді қағаз тасымалдағышта енгізген жағдайда оның түпнұсқасы тиісті журналда тіркеу үшін Тапсырыс берушіге/Сатып алуды ұйымдастырушыға тендерге қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанға дейін береді. Бұл ретте банктің уәкілетті тұлғаларының сенім артуы және (немесе) қайталап сенім артуы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша рәсімделуі және сәйкес келуі тиіс және қол қою мен осындай кепілдер беру құқығын растайтын құжаттардың көшірмелерін банктік кепілдемемен бірге тігіліп, банктің мөрімен бекітілуі тиіс.

Тендерлік құжаттаманың банктік кепілдемені рәсімдеу бойынша аталмыш тармағының талаптары ашық тендердің нәтижелері бойынша айқындалған өнім беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды енгізген жағдайда таралады (Тендерлік құжаттамада осындай қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда).

17.4. Тендерге қатысу өтінімдерін қамтамасыз ету мерзімі тендерге қатысу өтінімінің қолданылу мерзімінен кем болмауы тиіс.

17.5. Бұл кезде тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз етудің қолданылатын мерзімінің басталуы өтінімдері қамтамасыз етудің түпнұсқасын ұсынған күннен басталады.

17.6. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету бойынша енгізілген соманың тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келуін есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төлемді аудару, банктік кепілдемені беру мерзімінде айқындалған бағамына сәйкес айқындалады.

17.7. Тендерге қатысу өтінімдерін қамтамасыз етудің енгізілгендігі расталмаған тендерге қатысатын барлық өтінімдерді Тендерлік құжаттама талаптарына жауап бермейтін өтінімдер ретінде Тендерлік комиссия қабылдамайды. Егер тендерге қатысу өтінімдерін қамтамасыз ету Тапсырыс беруші банктік шотына ақшалай кепілдік жарнасын аудару арқылы енгізілген болса онда оны растайтын құжатта тендер атауы, қамтамасыз ету сомасы Тапсырыс беруші атауы мен әлеуетті өнім берушінің атауы көрсетілуі тиіс.

17.8. Әлеуетті өнім берушімен енгізілген тендерге қатысу өтінімдерін қамтамасыз ету төмендегі жағдайлардың бірі орын алған жағдайда әлеуетті өнім берушіге 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады:

1) өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша тендерге қатысу өтінімдерін аталған әлеуетті өнім беруші қайтарып алған жағдайда;

2) тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған жағдайда. Аталған жағдай жеңімпаз атанған әлеуетті өнім беруші мен тендер нәтижесі бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге таратылмайды;

3) сатып алу шарты күшіне енген жағдайда және тендер жеңімпазы Тендерлік құжаттамада көзделген сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз ету енгізілген жағдайда;

4) сатып алу шарты күшіне енген жағдайда және Тендерлік құжаттамада қарастырылған салыстыру және бағалау нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізген жағдайда.

17.9. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерге қатысу өтінімдерін қамтамасыз етуі төмендегі жағдайлардың бірі орын алған жағдайда қайтарылмайды:

1) өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін тендерге қатысу өтінімдерін аталған әлеуетті өнім беруші қайтарып алған жағдайда;

2) тендер жеңімпазы атанған әлеуетті өнім беруші сатып алу шартына отыруға бас тартқан жағдайда;

3) сатып алу шартына отырған тендер жеңімпазы сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу туралы Тендерлік құжаттамада қарастырылған талаптарды орындамаған немесе уақтылы орындамаған жағдайда.

4) салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған немесе сатып алу туралы шарт жасасып, сатып алу туралы шартты орындау туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындамаған не уақтылы орындамаған жағдайлардың бірі орын алғанда қайтарылмайды.

17.10. Тендерге қатысу туралы өтінімді қамтамасыз етуді мыналар енгізбейді:

1) мүгедектер ұйымдары (кәсіпкерлік қызметті жүргізетін мүгедек жеке тұлғалар);

2) Холдингтің компаниялар тобына кіретін ұйымдар.

Ереженің аталған тармағы консорциумдарға қолданылмайды.

18. Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімін ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе қайтарып алу құқығы:

18.1. Әлеуетті өнім беруші ашық тендерге өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін мыналарға құқылы:

1) ашық тендерге қатысу өтінімін өзгертуге және (немесе) енгізілген өтінімді толықтыруға;

2) ашық тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз ету үшін енгізілген сомасын қайтарып алу құқығын жоғалтпастан ашық тендерге қатысу өтінімін қайтарып алуға.

18.2. Ашық тендерге қатысу өтінімін ашық тендерге қатысу өтінімі бар конверттерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін кері шақыртып алуға рұқсат етілмейді.

18.3. Әлеуетті өнім беруші ашық тендер тәсілімен сатып алуға қатысуымен баланысты өз шығындарын өзі көтереді. Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы (тендерлік комиссия, сараптама комиссиясы) ашық тендер тәсілімен сатып алу нәтижесіне қарамай аталған шығындардың орнын толтыруға жауап бермейді.

19. Тендерге қатысуға өтінім берудің тәртібі, әдісі, орны және соңғы мерзімі және тендерге қатысуға өтінімдердің қажетті қолданылу мерзімі.

19.1. Әлеуетті өнім берушілердің ашық тендерге қатысу өтінімдері тиісті хабарландыруда көрсетілген мерзімге дейін келесі мекенжай бойынша қабылданады: _____ (сатып алу порталына сілтеме көрсетіледі).

19.2. Ашық тендерге қатысуға өтінімді Сатып алу порталында әлеуетті өнім берушінің уәкілетті пайдаланушысы қалыптастырады және ЭЦҚ-мен қол қояды.

Сатып алуды Тапсырушы/Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушінің электрондық почта арқылы, кеңсеге, ресепшн және/немесе ғимараттың күзетінде қалдырылған өтінімдері үшін жауапты болмайды.

19.3. Ашық тендерге қатысуға өтінімнің жарамдылық мерзімі ашқан күннен бастап күнтізбелік 55 (елу бес) күннен кем болмауы тиіс.

20. Әлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттаманың мазмұны бойынша түсіндірме сұрауға болатын әдістер:

20.1. Тендерлік құжаттама алған Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысу өтінімдерін қабылдау мерзімі аяқталғанша күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей Сатып алу порталындағы «Талқылау» бөлімінде Тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сауалмен жүгінуге құқылы.

20.2. Сатып алуды Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы сауал келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оған Сатып алу порталында жауап беруге міндетті.

21. Тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі:

21.1. Тапсырыс беруші Тендерлік құжаттамаға тендерге қатысатын өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей белгіленген тәртіп бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

21.2. Тендерлік құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген жағдайда тендерге қатысатын өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталуына күнтізбелік бес күннен кем болмауы тиіс.

21.3. Тендерге қатысатын өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталуына күнтізбелік бес күннен кем қалған жағдайда тендерге қатысу өтінімдерді ұсыну соңғы мерзімі 21.2. тармақтың талаптары есебімен ұзартылуы тиіс.

21.4. Тендерлік құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және тендерге қатысатын өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі туралы Тапсырыс беруші барлық тендерлік құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерді сатып алу порталы арқылы хабарлайды.

22. Ашық тендерге қатысуға өтінімнің мазмұны, оны рәсімдеу және ұсыну:

22.1. Ашық тендерге қатысуға өтінім беру әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптар мен шарттарға сәйкес Қызметті көрсетуге берген келісімін білдіреді.

22.2. Ашық тендерге қатысуға өтінім мыналарды қамтуы тиіс:

1) Ашық тендерге қатысуға Әлеуетті өнім берушімен толтырылған және оның қолы қойылған Электрондық құжат түріндегі өтінімі;

2) Лицензияның электрондық көшірмесін немесе лицензиялаудың электронды құжат нысанын не электрондық көшірменің электрондық жүйесін пайдаланатын, лицензия берген мемлекеттік органның ресми интернет көзінде (веб-сайт) сілтемені қамтитын әлеуетті өтінім берушінің өтінішін (егер тендердің талаптарында міндетті лицензиялауға жататын қызмет болжанған жағдайда) немесе әлеуетті өнім берушіден осы қызмет міндетті лицензиялауға жатпайтыны туралы өтінішін (егер тендердің талаптарында міндетті лицензиялауға жатпайтын қызмет болған жағдайда) немесе қызметтің бұл түрі міндетті лицензиялауға жатпайтын мәлімдеме;

3) Электрондық құжат немесе электрондық көшірме түріндегі тендерлік құжаттаманың №2 қосымшасымен белгіленген талаптарға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктері (техникалық ұсыныс);

4) Сатып алуға қатысушы мәртебесінің сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмелері (Компанияның Сатып алу ережесінің 37-тармағында аталған қатысушылар арасында сатып алу жүргізу көзделген жағдайда);

5) Компанияның Сатып алу ережесінің 36-тармағы 3)-5) тармақшаларында бекітілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (егер Тендерлік құжаттамада осындай талаптар көзделген болса):

Тендерлік құжаттаманың №6 және №7 қосымшаларына сәйкес біліктілік туралы мәліметтер;

б) Тендерлік құжаттаманың №5 қосымшасына сәйкес электрондық құжат түріндегі немесе электрондық көшірме түріндегі жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлердің тізбесі (қызметтерді көрсету кезінде бірлесіп орындаушылардың), жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемі

тендерлік құжаттамада белгіленген аспауы тиіс қосалқы мердігерге (бірлесіп орындау) берілетін жұмыстар мен қызметтердің көлемі мен түрі немесе қосалқы мердігерлерді (бірлескен орындаушыларды) тартпау туралы өтініш;

7) Электрондық құжат түріндегі немесе электрондық көшірме түріндегі лицензиялардың көшірмелерін не егер әлеуетті өнім беруші міндетті лицензиялауға жататын қызмет деп болжанатын тендерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда қосалқы мердігер орындайтын жұмыстарға (бірлесіп орындаушы көрсететін қызметтерге) лицензиялаудың электронды жүйесін пайдаланатын, лицензия берген мемлекеттік органның ресми интернет көзінде (веб-сайтында) сілтемені қамтитын әлеуетті өнім берушінің өтініші;

8) Тендерлік құжаттамадағы енгізу талаптарына, мазмұны мен түріне сәйкес келетін ашық тендерге қатысуға өтінім беруді қамтамасыз ету енгізілгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі, бұл кезде ашық тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз ету сомасы тендерлік құжаттамамен белгіленген көлемнен төмен болмауы тиіс (егер тендерлік құжаттамамен ашық тендерге қатысуға берілетін өтінімді қамтамасыз етуді енгізу қарастырылған болса). Электрондық сатып алуды іске асыру кезінде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету электрондық банктік кепілдеме түрінде ұсынылуы мүмкін.

Тендерге қатысуға банктік кепілдік түрінде енгізілген жағдайда өтінімін қағаз тасымалдағышта қамтамасыз етуді Әлеуетті өнім беруші енгізген жағдайда оның түпнұсқасы тендерге қатысуға өтінімді ұсынудың соңғы мерзіміне дейін сатып алу тиісті журналға тіркелу үшін Тапсырыс берушіге/Ұйымдастырушыға Тендерлік құжаттаманың №3 қосымшасына сәйкес ұсынылады. Бұған қоса, банктің уәкілетті тұлғаларына сенім білдіру және (немесе) қайта сенім білдіру Қазақстан Республикасының заңнама талаптармен ресімделуі және сәйкес келуі тиіс және қол қоюға өкілдік берілген құжаттар көшірмесі мен мұндай кепілдіктерді беру банктік кепілдіктермен бірге тігіліп және банк мөрі қойылуы тиіс. Әлеуетті өнім берушінің өкілі банк кепілдігін ұсынған жағдайда, аталған өкілдің өзімен бірге жеке куәлігі және банк кепілдігін тапсыруға және тіркеуге берілген сенімхаты болуы тиіс.

Әлеуетті өнім берушілер ашық тендерге қатысуға арналған өтінімдерін қамтамасыз ету үшін банк кепілдігінің түпнұсқасын пошта байланысы арқылы жолдаған жағдайда пошталық хатқалтада мына ақпарат көрсетілуі қажет (өтінімдерді ақырғы ұсыну мерзімінің күні мен уақыты көрсетіле отырып): «№ ___ тендерге арналған БАНК КЕПІЛДІГІ, 00.00.20 ___ ж. сағ. 00.00-ге дейін жеткізілсін.». Аталған хатқалтаны пошта қызметі өтінімдерді eep.mitwork.kz веб-порталындағы тиісті хабарламада белгіленген ақырғы ұсыну мерзімі өтіп кеткеннен кейін жеткізген жағдайда, мұндай банк кепілдігі бар пошталық хатқалта пошта қызметінің курьеріне қайтарылатын болады;

9) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының тағайындалуы (сайлануы) туралы құжаттың электрондық көшірмесі (егер консорциум қатысатын болса, консорциумға кіретін кез келген заңды тұлғаның бірінші басшысының тағайындалуы (сайлануы) туралы құжаттың электрондық көшірмесі немесе консорциумға кіретін кез келген заңды тұлғаның консорциум туралы келісімге уәкілетті өкілінің қолын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

10) өтінімді бағалауға және салыстыруға қойылатын өлшемдерді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (егер өнім беруші бағаның шартты төмендетілуіне әсер ететін өлшемдердің қолданылуына үміткер болса). Бұл ретте бағаның шартты төмендетілуіне әсер ететін өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбау аталған өтінімді қабылдаудан бас тартуға негіз болмайды;

11) әлеуетті өнім беруші толтырған және ЭЦҚ-мен қол қойған баға ұсыныстары;

12) Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы куәліктің электрондық көшірмесі немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы анықтама немесе тіркеудің электрондық жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (www.e.gov.kz) веб-сайтына) жасалған сілтемесі бар әлеуетті өнім беруші өтініші, жеке тұлғалар үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеуден өткені туралы құжаттың электрондық көшірмесі, уақытша бірлескен заңды тұлғалар (консорциум) үшін - консорциум туралы

келісім шарттың электрондық көшірмесі және мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы куәліктің электрондық көшірмесі және консорциум қатысушыларын тіркеудің электрондық жүйесін пайдаланушы, анықтама берген мемлекеттік органның ресми интернет көздеріне (www.e.gov.kz) веб-сайтына) жасалған сілтемесі бар әлеуетті өнім беруші өтініші;

13) құрылтайшылары туралы мәліметтері бар электрондық құжат: заңмен белгіленген тәртіп бойынша бекітілген жарғының электрондық көшірмесі, тұрпаттық жарғы негізінде тіркеуден өткен заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның тіркеуден өткені туралы белгіленген нысандағы өтінішінің электрондық көшірмесі (егер консорциум қатысқан жағдайда әрбір заңды тұлғаның электрондық жарғысының көшірмесі ұсынылады, тұрпаттық жарғы негізінде тіркеуден өткен заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның тіркеуден өткені туралы белгіленген нысандағы өтінішінің көшірмесі), конвертті ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын алынған акция ұстаушылары тізілімінен алынған үзіндінің электрондық көшірмесі, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілген құрылтайшылар туралы мәліметтер бар басқа құжаттың электрондық көшірмесі.

14) сатып алу шарттарын орындауға қамтамасыз етулерді енгізу талаптарымен, түрімен, көлемі және тәсілімен әлеуетті өнім берушінің келісім бергендігі туралы электрондық құжат түріндегі немесе электрондық көшірме түріндегі мәлімет (егер тендерлік құжаттамамен сатып алу шарттарын орындауға қамтамасыз етуді енгізу қарастырылған болса);

15) ұсынылатын қызметке, жұмыстарға, тауарларға берілген сапа кепілдігін растайтын құжаттың электрондық көшірмелері;

16) Электрондық құжат түріндегі немесе электрондық көшірме түріндегі Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім беруші) тізбесіне Әлеуетті өнім берушіні енгізу талаптарымен әлеуетті өнім берушіні таныстыру туралы мәліметтер;

17) әлеуетті өнім берушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз әлеуетті өнім беруші атынан қатысуға құқығы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын қоспағанда, тендерге қатысуға арналған өтінімде қамтылған өтінімдер мен құжаттарға қол қою құқығына, әлеуетті өнім берушінің мүддесін ұсынатын тұлғаға (тұлғаларға) берілген сенімхаттың электрондық көшірмесін қамтуы тиіс.

18) Тендерлік құжаттаманың №8 қосымшасына сәйкес тендерлік өтінімді беру кезінде «Акционерлік қоғамдар туралы/Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әлеуетті өнім берушінің афилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді қамтитын құжаттың электрондық көшірмесі.

Осы тармақтың 1) және 11) тармақшаларымен көзделген құжаттарды әлеуетті өнім беруші Сатып алу порталында қалыптастырады.

Ашық тендерге қатысу өтінімі тендерлік құжаттамада көрсетілген тендерге қатысу өтінімінің құрастыру тілі мен ұсыну талаптарына сәйкес келуі тиіс, сондай-ақ ашық тендерге қатысу өтінімінің әрекет ету мерзімі тендерлік құжаттамамен белгіленген мерзімге сәйкес келуі немесе кем болмауы тиіс.

22.3. Әлеуетті өнім беруші – Қазақстан Республикасының бейрезиденті осы Тендерлік құжаттамамен қарастырылған Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды немесе соған ұқсас мәліметтері бар құжаттарды ұсынады.

22.4. Тендер арқылы электрондық сатып алуға қатысудың тендерлік өтінімін құрастыру кезінде Тендерлік құжаттаманың 22.2-тармағында берілген құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелерінің электрондық көшірмелерін бере алады.

22.5. Әлеуетті өнім берушілер тиісті тендерге (лотқа) қатысуға өтінім берген кезде ондағы баға ұсыныстарына шифрлау жүргізіледі. Тапсырып беруші/Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін ашқан сәтке дейін, тендерге қатысуға өтінімдер Сатып алу порталының барлық қатысушыларына қолжетімді болады.

22.6. Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға берген өтінімі Сатып алу порталында тіркеледі. Қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге тендерге қатысуға өтінімін қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту ретінде Портал тиісті хабарлама жолдайды.

22.6.1. Тендерге қатысуға өтінімді қабылдаудан бас тарту келесі жағдайларда орын алады:

1) Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімді құжаттарды ашу күні мен уақыты келгенде беруі;

2) Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға бірден артық өтінім беруі;

3) Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімнің құрамында сатып алуға бөлінген сомадан асатын баға ұсынысын беруі;

4) Әлеуетті өнім берушінің Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізімінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізімінде болуы.

22.7. Өтінімге әлеуетті өнім беруші ЭЦҚ-мен қол қоюы тиіс және тендерлік құжаттаманың 22.2-тармағына сәйкес Электрондық көшірмелер мен Электрондық құжаттарды қамтуы тиіс.

22.8. Тендерге қатысуға өтінім беру мерзімі аяқталғанға дейін Әлеуетті өнім беруші өз өтінімін кері қайтаруға және жаңа өтінім беруге құқылы. Әлеуетті өнім беруші бір тендерге (лотқа) бір өтінімнен артық беруге құқылы емес.

23. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу процедурасын сипаттау:

23.1. Өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді ашуды жүргізеді, бұл ретте өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан бастап 1 (бір) сағаттан кешіктірмей, Сатып алу порталындағы ашық кілт пен Сатып алу порталында сатып алуды жариялаған кезде генерацияланған және Тапсырыс берушінің/Ұйымдастырушының Жұмыс орнында сақталған бірегей кілтпен салыстыру арқылы, хабарландыруға қоса тіркейді.

23.2. Сатып алу порталы Әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға жіберген өтінімдерді ашады және жариялайды, сондай-ақ баға ұсыныстарын қайта шифрлауды жүргізеді.

23.3. Ашу рәсімі аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы Сатып алу порталында бағаны төмендетуге Әлеуетті өтім берушінің қосымша баға ұсыныстарын беруге тендерді ұзарту мерзімін көрсету керек. Бұл ретте Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы бағаны төмендетуге Әлеуетті өтім берушінің қосымша баға ұсыныстарын ары қарай ашу үшін Сатып алу порталында генерациялаған ерекше жабылған кілтті жергілікті компьютерде сақтайды. Төмендетуге баға ұсыныстарын беру мерзімі кемінде 1 (бір) сағаттан тұруы тиіс.

23.4. Әлеуетті өнім берушілердің Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы көрсеткен уақыт аралығында төмендетуге қосымша баға ұсыныстарын беруге құқылы.

23.5. Әлеуетті өнім беруші қосымша баға ұсыныстарын беру кезеңінде оларды шифрлау жүргізіледі.

23.6. Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы төмендетуге қосымша баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірмей жергілікті компьютерде бұрын сақталған жабық кілтті хабарламаға жабыстыру арқылы әлеуетті өнім берушілер берілген өтімдерді ашуды жүргізеді.

23.7. Сатып алу порталы ашу хаттамасы қосымша баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталғаннан кейін автоматты түрде құрастырылады және тендерлік комиссия құрамы мен хатшының ЭЦҚ-мен қолы қойылады.

24. Тендерге қатысуға өтімдерді қарау, тендерге қатысуға өтімдерді бағалау және салыстыру процедурасын сипаттау:

24.1. Ашық тендерге қатысуға өтімдерді тендерлік комиссия Тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестілік мәніне қарайды. Тендерлік құжаттамада көрсетілген негіздер бойынша қайтарылмаған өтімдерді тендерлік комиссия ашық тендердің жеңімпазын таңдау мақсатында салыстырады және бағалайды.

24.2. Өтімдерді ашық тендерге қатысатын өтімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын күн ішінде тендерлік комиссия қарастырады.

Күрделі техникалық ерекшеліктері мен сипаттамалары бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде өтімдер ашық тендерге қатысатын өтімдері бар конверттерді ашқан

күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде сарапшыларды (сараптама комиссиясы) тарту арқылы тендерлік комиссия қарастырады.

24.3. Өнімді сынаумен байланысты бір немесе бірнеше лот бойынша қосымша қайта қарастырулар қажет етілетін болса, және ол тауарлардың өндірісі кезінде балама техникалық сипаттама мен (немесе) технологиялық шешімдерді әлеуетті өнім берушінің ұсынуына байланысты болатын болса, онда аталған лот (лоттар) бойынша өтінімдерді қарастыру мерзімі қосымша мерзімге ұзартылады, бірақ ол мерзім 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспауы тиіс. Бұл ретте қосымша қайта қарастыруды талап етпейтін басқа лоттар бойынша өтінімдерді қарастыруды Тендерлік құжаттаманың 24-тармағы 24.2 тармақшасының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде жүргізіледі.

24.4. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау кезінде тендерлік комиссия:

1) әлеуетті өнім берушілерден өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру үшін қажетті материалдар мен түсіндірулерді (ұсынылған баға (жеңілдіктер), техникалық ерекшеліктерді және тендерлік құжаттамада көзделген бағаны шартты түрде төмендетуге ықпал ететін өлшемдерді растайтын құжаттарды қоспағанда) сұратуға;

2) өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Бұл ретте тендерге қатысуға өтінімдерді жеткіліксіз құжаттармен толықтырумен, құжаттарды ауыстырумен, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтірумен қорытындыланған Тендерлік құжаттаманың талаптарымен сәйкес келтірумен байланысты сұратулар мен өзге де әрекеттерге жол берілмейді.

24.5. Тендерлік комиссия мына жағдайларда тендерге қатысуға өтінімді қабылдамайды:

1) әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметті көрсетудің ең үздік шарттарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтің ең үздік сипаттамаларын ұсынғанда, техникалық ерекшеліктің сәйкес келмеу жағдайларын қоспағанда, тендерге қатысуға арналған өтінім Тендерлік құжаттаманың 22.2-т. көзделген талаптарға сәйкес келмейді деп танылғанда;

2) егер әлеуетті өнім беруші осы тендерге (лотқа) қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің афилиирленген тұлғасы болып табылса);

3) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы сатып алу үшін бөлінген сомадан асатын болса;

4) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын тендерлік комиссия демпингтік деп таныса;

5) әлеуетті өнім беруші не Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік салып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрған консорциумға кірген заңды тұлға болған жағдайда;

Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдамау үшін көрсетілген негіздемелер толық болып табылады. Ашық тендерге қатысуға өтінімді формалды негіздер бойынша қайтаруға жол берілмейді. Формалды жағдайларға осы тармақта көрсетілмеген жағдайлар жатады.

24.6. Баға ұсынысы, оның ішінде бағаны төмендетуге қосымша баға ұсынысы мынадай жағдайларда демпингтік болып табылады:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жобалау, іздестіру жұмыстары және инжинирингтік (техникалық қадағалауды) көрсетілетін қызметтің баға ұсынысы, егер ҚҚС есебінсіз сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомадан 5 (бес) пайыздан астам төмен болса, демпингтік деп танылады;

2) консультациялық (консалтинг) қызметтерге баға ұсынысы, егер ол ҚҚС есебінсіз сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомадан аспайтын барлық ұсынылған баға ұсыныстардың орташа арифметикалық бағасынан 70 (жетпіс) пайыздан астам төмен болған жағдайда, демпингтік деп танылады;

3) осы тармақтың 1) және 4) тармақшаларында көрсетілмеген жұмыстарға, осы тармақтың 2) және 4) тармақшаларында көрсетілмеген қызметке баға ұсынысы ҚҚС есебінсіз сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомадан аспайтын барлық ұсынылған баға ұсыныстарының орташа арифметикалық бағасынан 30 (отыз) пайыздан астам төмен болған жағдайда, демпингтік деп танылады;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жобалау, іздестіру жұмыстары және

инжинирингтік (техникалық қадағалауды) көрсетілетін қызметтің баға ұсынысы, егер ҚҚС есебінсіз сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомадан он пайыздан астам төмен болса, демпингтік деп танылады.

Осы тармақтың ережесі тендерлік құжаттамада белгіленген Тапсырыс берушінің шарттарында ұсынылған жеңілдікті ескере отырып, әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы/қорытынды бағаға, сондай-ақ баламалы талаптарда ұсынылған жеңілдіктерді ескере отырып (тендерлік комиссия баламалы талаптарды қабылдаған жағдайда), әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы/қорытынды бағаға қолданылады.

24.7. Кері қайтарылмаған өтінімдер тендерлік құжаттамадағы негіздемелерге сәйкес бағаны төмендету туралы әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстарын (егер бар болса) есепке ала отырып, тендерлік комиссия салыстырады және бағалайды. Бұл ретте әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстарының жалпы/жиынтық бағасына баға беріледі.

24.8. Ашық тендер жеңімпазы тендерлік құжаттаманың ішіндегі қолданылатын өлшемдерді есепке ала отырып, ең төмен шартты баға негізінде белгіленеді.

24.9. Бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттаманың ішіндегі қолданылатын өлшемдерді есепке ала отырып, ең төмен шартты бағадан кейінгі баға негізінде белгіленеді.

24.10. Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең түскен жағдайда, ашық тендер нысаны болып отырған сатып алынатын жұмыстар, қызметтер саласындағы тәжірибесі мол өнім беруші әлеуетті өнім беруші жеңімпаз (бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушілер) деп танылады.

24.11. Тендерлік баға ұсыныстары ішіндегі шартты бағалары тең түсіп және олар көрсететін қызметтер мен жұмыстар саласындағы тәжірибесі мол (бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушілер) өнім берушілер болатын болса (немесе әлеуетті өнім берушімен ұсынылған құжаттар арқылы олардың тәжірибелерін анықтау мүмкін емес болса) тендерге қатысуға бұрын өтінім білдірген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

24.12. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қарау қорытындысы туралы ақпаратты тендерлік комиссияның хатшысы Сатып алу порталында электрондық формаға енгізеді. Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімін қарастырудың электрондық формасы ұсынылған құжаттар, қабылдау/кері қайтару туралы ақпаратты (кері қайтару себептерін көрсетумен), сондай-ақ бағаның шартты төмендеуіне әсерін тигізетін критерийлердің түзетілген мәндерін қамтиды.

24.13. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін сатып алуға жіберу хаттамасын Сатып алу порталында тендерлік комиссияның хатшысы қалыптастырады, Тендерлік комиссия құрамына енгізілген Пайдаланушылардың ЭЦҚ-сымен, сондай-ақ тендерлік комиссия хатшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылады.

24.14. Сатып алу порталы өткізілген сатып алу қорытындыларының хаттамасын өткізілген тендер туралы ақпаратпен автоматты түрде қалыптастырады, бұл ретте Тендерлік комиссия өткізген Әлеуетті өнім берушілер арасында бірінші және екінші жеңімпаз көрсетіледі. Ашық тендердің жеңімпазы тендерлік комиссия келіскен қорытынды критерийлерді қолдану есебімен есептелетін ең төменгі шартты бағаның негізінде айқындалады.

24.15. Тендерге қатысуға өтінімдер жоқ болған жағдайда, Сатып алу порталы автоматты түрде қорытынды туралы хаттаманы қалыптастырады.

24.16. Ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алу қорытындысының хаттамасына Тендерлік комиссия құрамына енгізілген Пайдаланушылардың ЭЦҚ-сымен, сондай-ақ тендерлік комиссия хатшысының қолы қойылады.

24.17. Ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алу жеңімпазы деп танылған Әлеуетті өнім беруші қорытындылар туралы хаттама жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжаттарға сәйкес салыстыру рәсімдерін жүргізуге ашық тендерге қатысуға өтініммен бірге берілген құжаттардың

түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелерді беруге міндетті.

24.18. Егер тендердің жеңімпазы Тапсырыс берушіге Тендерлік құжаттаманың 24-13-тармағымен көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ ол ашық тендерге қатысуға өтініммен бірге ұсынған құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелері сәйкес келмеген жағдайда Тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімнің қамтамасыз етуі ұстап қалады және тендерлік комиссия құжаттардың түпнұсқалары және/немесе нотариалдық расталған көшірмелерін ұсыну үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ашық тендер жеңімпазын тендерге қатысуға арналған өтінімдегі баға бойынша және олар ұсынған жағдайларда бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп айқындайды.

24.19. Электрондық сатып алуларды жүргізу кезінде ашық тендер жеңімпазы ашық тендерге қатысу өтінімі құрамында құжаттардың түпнұсқасы және (немесе) нотариалдық куәландырылған көшірмелері ұсынылмаған жағдайда, сондай-ақ құжаттардың түпнұсқасы және (немесе) нотариалдық куәландырылған көшірмелері талаптарға сәйкес келмеген жағдайлар шарттарға отырудан жалтару деп танылады және Тапсырыс беруші Холдингтің сенімсіз өнім берушілері тізбесіне аталған өнім берушіні енгізу үшін осы мәліметтерді жібереді.

Тендерлік құжаттаманың осы тармағымен белгіленген талаптар өтінімді беру сәтінен бастап шартқа отыру сәтіне дейінгі заңнама талаптарына сәйкес өтінімде бар құжаттарға өзгерістер енгізу жағдайларына тарамайды.

24.20. Тендерлік комиссия мына жағдайларда ашық тендерді өткізілген жоқ деп санайды:

- 1) тендерге қатысуға екіден кем әлеуетті өнім берушілерден өтініш түскенде;
- 2) тендерлік комиссия қабылдамағаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға екіден кем өтінім қалғанда;
- 3) жеңімпаз және екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің шарт жасасудан бас тартуы;
- 4) тендер жеңімпазы және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбағанда.

24.21. Егер тендер тәсілімен салып алу өткізілмеді деп танылса, Тапсырыс беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

- 1) тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;
- 2) тендерлік құжаттаманы өзгерту және тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;
- 3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.

24.22. Ашық тендерде (лотта) жүргізілетін/жүргізілген ашық тендердің (лоттың) қорытындыларына әсер ететін бұзушылықтарды тапқан жағдайда Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы және (немесе) тендерлік комиссия шарт жасасқан сәтке дейін тендерді (лотты) немесе оның қорытындыларынан бас тартуға міндетті. Бұл ретте тендер (лот) (тендерге (лотқа) қатысқан сол әлеуетті өнім берушілермен сол тендерлік комиссия құрамында қайта қаралуы немесе қайта өткізілуі тиіс.

24.23. Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы тендерден (лоттан) немесе оның қорытындыларынан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы өткізілетін сатып алуға қатысқан тұлғаларға хабарлауға және тиісті хабарландыруды сатып алу порталында және Тапсырыс берушінің/Сатып алуды ұйымдастырушының веб-сайтында жариялауға міндетті.

24.24. Тендерлік құжаттамада тендер (лот) бойынша бұзушылықтарды анықталған жағдайда әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері бар конверттерді ашқан күнге дейін Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы тендерден (лоттан) бас тартуға, тендерлік құжаттаманы сәйкестікке келтіруге және қайтадан тендер (лот) жариялауға міндетті.

25. Сатып алу туралы шартты орындаудың талаптары, түрлері, көлемі және қамтамасыз етуді енгізу әдісі.

- 25.1. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету келесі түрінде ұсынылуы мүмкін:

- 1) Тапсырыс беруші банкілік шотына енгізілетін ақшалай кепілдік жарнасы;
- 2) Тендерлік құжаттаманың №8 қосымшасында берілген нысан бойынша банк кепілдігі.

26. Тендер қорытындысы бойынша сатып алу туралы шартты жасау тәртібі:

26.1. Сатып алу туралы шарт Тендерлік құжаттаманың №4 қосымшасында сатып алу туралы шарттың тендерлік құжаттама ішіндегі жобасына сәйкес жасалады. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, онда ұсынылған нысанда сатып алу туралы шартты ресімдеуге жол беріледі.

26.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҚС төлеушісі болып табылмайтын жағдайларын қоспағанда сатып алу туралы шарттың бағасы ҚҚС есебімен тендер жеңімпазы ұсынып отырған бағаны қамтуы тиіс.

26.3. Тапсырыс беруші шартқа қол қоюдың түпкілікті мерзіміне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кем емес мерзімде сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу тендерінің жеңімпазына Тапсырыс беруші тарапынан қол қойылған сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді. Тендер жеңімпазы, баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен сатып алу туралы шарт жобасына Тапсырыс беруші тарапынан сатып алу туралы шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей қол қояды. Тендер тәсілімен сатып алу туралы немесе баға ұсыныстарына сұрау салу туралы шарт сатып алу қорытындылары туралы хаттамада көрсетілген, бірақ қорытындылар туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен аспайтын мерзімде жасалады. Егер сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалатын болса, осы мерзім күнтізбелік 10 (он) күнге қосымша ұзартылуы мүмкін.

26.4. Әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге сатып алушы туралы қол қойылған шартты ұсынбаған жағдайда, ондай әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқан деп танылады.

26.5. Әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқан деп танылған жағдайда, Тапсырыс беруші оларға қамтамасыз етуге берілген өтінімдерді ұстап қалады және Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері тізбесіне осындай өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіппен жібереді.

26.6. Егер сатып алу шартында аванс (алдын ала төлем) және (немесе) тендер жеңімпазымен шарттың орындауын қамтамасыз етуін беру көрсетілген жағдайда, онда тендер жеңімпазы шартқа отырған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде қамтамасыз ету авансын (алдын ала төлемді) және (немесе) шартты орындауды қамтамасыз етуді шарт жобасына (осы тендерлік құжаттаманың 4-қосымшасы) және Тендерлік құжаттаманың жобаларының нысандарына сәйкес ұсынуы тиіс.

26.6.1. Тапсырыс беруші айқындаған авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді тендердің жеңімпазы ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші авансты (алдын ала төлемді) төлейді.

26.6.2. Тапсырыс берушіге авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну туралы талаптар мыналарға таратылмайды:

- 1) Холдингтің компаниялар тобына жататын ұйымдарға;
- 2) сатып алу нысаны сақтандыру, электр энергиясы немесе жанар-жағармай қызметтерін сатып алу болатын жағдайларда (Тапсырыс берушінің шешімі бойынша);
- 3) мүгедектер ұйымдары (кәсіпкерлік қызмет жүргізетін мүгедек жеке тұлғаларға).

26.6.3. Егер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну мен (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз ету өз уақытында берілмейтін болса, онда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу шартын бұзады, әлеуетті өнім берушімен енгізілген өтінімді қамтамасыз ету ұсталынып қалады және тендерлік комиссия тендер жеңімпазы болған және бағалау мен салыстыру нәтижесі бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні белгілейді.

Сатып алу шартын орындауды қамтамасыз етуді енгізу мерзімі аяқталғанша сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін әлеуетті өнім беруші толығымен және тиісінше орындаған жағдайлар

жатпайды.

26.7. Егер тендердің жеңімпазы тендер нәтижелері туралы хаттамамен белгіленген мерзім ішінде Тапсырыс берушіге сатып алу шартын ұсынбаған болса, онда Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады және тендерлік комиссия жеңімпазбен сатып алу шартына отыру үшін белгіленген мерзім аяқталғанша немесе жеңімпаздан сатып алу шартына отырудан бас тарту туралы жазбаша хатын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өздері тендерге қатысу өтінімімен ұсынған баға мен талаптар бойынша бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша жеңімпаз атанған және екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні белгілейді.

26.8. Тендерлік комиссия баға мен талаптар бойынша бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша жеңімпаз атаған әлеуетті өнім берушіні белгілеу туралы шешімге қол қойғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша жеңімпаз атанған әлеуетті өнім берушіге сатып алу шартына отыру туралы хабарламаны жібереді. Бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушіден хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде сатып алу туралы шартқа қол қоюға міндетті. Өнім беруші сатып алу шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда немесе сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаған жағдайда, бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші қайта таңдалады.

26.9. Егер шарттың орындалу кезеңінде сатып алу туралы шарт өнім берушінің кінәсі бойынша бұзылса, Тапсырыс беруші салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге тендерге қатысуға арналған өтінімде өнім беруші орындаған және Тапсырыс беруші төлеген міндеттемелер құнын есепке ала отырып, олар ұсынған бағадан аспайтын баға бойынша сатып алу туралы шарттар жасасу ниеті туралы хабарлама жіберуге тиіс. Егер салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші хабарламаға жауап бермесе, онда Тапсырыс беруші хабарлама жолданған күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін Холдингтің/Тапсырыс берушінің Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережесіне сәйкес сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

26.10. Авансты (алдын ала төлемді) және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды қамтамасыз етуді енгізбеген өнім беруші туралы мәліметті Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен Тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші Тапсырыс беруші белгілеген шарт бойынша аванстан (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайға байланысты шарт бойынша төлем талаптарын өзгерткен жағдайды қоспағанда, Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілер) тізбесіне осындай өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін жібереді.

26.11. Өнім беруші сатып алу туралы шартқа отырған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде осы Тендерлік құжаттамада көрсетілген банк шотына кепілдемелік ақшалай жарнаны аудару арқылы шартта көрсетілген мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді немесе шарт бойынша міндеттемені толық және тиісінше орындау сәтіне дейін қолданылатын шарттың қосымшасына сәйкес форма бойынша банктік кепілдемені ұсынады.

Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелері толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақша жарнасына тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді.

26.12. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу шартта көзделген жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім берушінің сатып алу туралы шарты бойынша міндеттемелерін толық және тиісінше орындау сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

26.13. Өнім беруші шарттық міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелерін орындауды бұзғаны үшін өнім берушіге есептелген айыппұл мен осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын сатып алу туралы шартты орындауға енгізілген қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы. Өнім беруші шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толық және тиісті дәрежеде орындаған, сондай-ақ жіберілген және ықтимал шарттың талаптарын бұзуды жойған (мұндай бұзушылықтар жіберілген жағдайда) күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде

Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілер) тізбесіне оны енгізбестен, шартты орындауды қамтамасыз етудің қалған сомасы қайтарылады.

Бұл ретте, өнім беруші дербес айыппұл санкцияларын толық төлеген жағдайда, Тапсырыс беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалмайды және өнім беруші Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізілмейді.

26.14. Сатып алу шартының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге тараптардың өзара келісімі бойынша жол беріледі:

1) өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі талабымен сатып алу туралы шарт жобасының сомасын азайту бөлігінде;

2) Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің баламалы талаптарын қабылдаған жағдайда;

3) аванс (алдын ала төлем) талаптарын өзгерту не бас тарту жағдайында (болған жағдайда);

4) бағалау қорытындысы бойынша және салыстырмалы екінші орын алған ықтимал өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда Қызметтерді көрсету бойынша өнім берушінің міндеттемелерін орындау мерзімдерін ұзарту бөлігінде, бұл ретте сатып алу туралы шарт тендерге қатысуға берген өтінімде ұсынған бағадан аспайтын баға бойынша жасалады. Мұндай жағдайда, Тапсырыс беруші жүргізген тендер жеңімпазы орындаған міндеттемелердің құнын төлеу ескеріледі.

26.15. Сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге төмендегі жағдайларда өзара келісімі бойынша жол беріледі:

1) егер сатып алу туралы шартты орындау процесінде осындай сатылып алынатын тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге баға азаю жағына өзгерсе, тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге бағаны және тиісінше сатып алу туралы шарттың сомасын азайту бөлігінде;

2) сатып алу туралы шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға және сатып алу жоспарына тиісті өзгерістер енгізу жағдайында, шарттың орындалу мерзімін тиісінше өзгерту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстардан басқа, сатылып алынатын тауарлар, жұмыстар көлемінде қажеттілікті азайтуға немесе негіздемелі түрде ұлғайтуға байланысты сатып алу туралы шартта бастапқы жоспарланғаннан аспайтын сома мен көлемге сатып алу туралы шарттың сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауардың, жұмыстың, қызметтің бір бірлігіне бағаның өзгермеуі талабымен шарттың орындалу мерзімін тиісінше өзгерту бөлігінде. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттың осылай өзгеруіне сатып алуды жүзеге асыру үшін анықталған жылға сатып алу жоспарында осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін көзделген сома мен көлем шегінде жол беріледі;

4) өнім беруші онымен жасалған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы жасаған шартты орындау үдерісінде тауардың бір бірлігіне бағаның өзгермеуі талабымен, үздік сапалық және (немесе) техникалық сипаттамасын не болмаса онымен жасалған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарттың мәні болып табылатын тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімі мен (немесе) талабын ұсынған жағдайда;

5) сатып алу туралы шарттың сомасын салық, кеден және басқа да салаларда заңнаманың өзгеруімен туындаған келесі (кейінгі) жылы (жылдары) аяқталу мерзімімен жұмысты орындауға соманы азайту немесе арттыру бөлігінде, сондай-ақ мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамадағы тиісті өзгерістерді енгізген жағдайда жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шарттың орындалуын тиісті өзгерту бөлігінде;

6) салық, кеден және басқа да салаларда заңнаманың өзгеруімен туындаған тауарларды жеткізуге, қызметтерді көрсетуге сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттың сомасын азайту немесе арттыру бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шарттың орындалу мерзімін тиісті өзгерту бөлігінде. Осындай өзгеріс шартты қолданудың 1 жыл мерзімі өткен соң және жылына бір реттен асырмай енгізіледі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалардың, тарифтердің, алымдардың және төлемдердің өзгеруіне байланысты сатып алу туралы шарт сомасының азаюы немесе ұлғаюы

бөлігінде. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттың осылай өзгеруіне сатып алу жоспарында осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін көзделген сома шегінде жол беріледі;

8) нарықтық баға немесе биржалық котировкалар туралы ресми танылған ақпарат көздеріне сәйкес баға қалыптастырылатын импортталушы көмірсутегі шикізатының бірлігіне бағаны өзгерту бөлігінде;

9) табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар белгілеген баға шегінде бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген тауардың бірлігіне бағаның өзгеруі бөлігінде.

26.16. Сатып алу туралы шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделеді.

26.17. Сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа сатып алу шарттарының өткізілетін (өткізілген) мазмұнын өзгертетін өзгерістер және (немесе) өнім берушіні таңдауға негіз болған ұсыныстар енгізуге жол берілмейді.

26.18. Әлеуетті өнім берушілермен ағымдағы сатып алуларға байланысты құқықтарын бұзған жағдайда байланысу үшін электронды пошта адресі мен телефондары: (Тапсырыс берушінің / сатып алуды ұйымдастырушының телефон нөмірін және электронды поштасы көрсетіледі).

Қосымшалар:

1.	<i>Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі;</i>
2.	<i>Техникалық ерекшелік;</i>
3.	<i>Өтінімді қамтамасыз етуге банктік кепілдеменің нысаны;</i>
4.	<i>Сатып алу туралы шарттың жобасы;</i>
5.	<i>Қосалқы мердігерлер (бірлескен орындаушылар) бойынша деректер нысаны</i>
6.	<i>Біліктілік туралы ақпарат нысаны</i>
7.	<i>Аффилиирленген тұлғалары туралы ақпарат нысаны</i>
8.	<i>Шарт орындалуын қамтамасыз ету банктік кепілдік нысаны</i>
9.	<i>авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету банктік кепілдік нысаны</i>

Перечень закупаемых товаров, работ и услуг/сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі

Лот нөмірі / номер лота	Тапсырыс берушінің атауы/Наименование Заказчика	Қызметтің атауы* / Наименование услуг**	Өлшем бірлігі / Единица измерения	Саны, көлемі / Количество, объем	Қызметті көрсету мерзімі / Срок оказания Услуг	Қызметті көрсету орны / Место оказания Услуг	Сомасы, теңгемен (ҚҚС есебінсіз) / Сумма, выделенная для закупок, тенге (без учета НДС)
1.	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ» / АО «ИО «Казахстанская Ипотечная Компания»						

*Полное описание технических характеристик закупаемых товаров, работ и услуг указаны в Технической спецификации (Приложение №2 к Тендерной документации) /

Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің техникалық ерекшеліктерін толық сипаттау Техникалық ерекшелікте көрсетілген (Тендерлік құжаттаманың №2 қосымшасы).

ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

Лот № _____
Лоттың атауы _____

Көрсете отырып, қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) толық сипатын және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы беріледі.

Тапсырыс берушілер сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті эзирлейді. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық өзіндік ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық өзіндік ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс.

Техникалық тапсырмада оларды эзирлеу туралы жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы эзирлеу мен техникалық-экономикалық негіздемені эзирлеу бойынша мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық стандарттарына (олар болған кезде) сәйкес материалдар мен жабдықтарды есептеу және жобалау кезінде қолдану туралы талап көрсетіледі.

Тауарларға берілетін техникалық ерекшелікте функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы функционалдық, техникалық сипаттама параметрлері, тауардың тағайындалуы мен тауарды, қызметтерді пайдалану шарттары шегін қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс.

Қажет болған кезде, техникалық ерекшелікте тауарларды жеткізу кезінде тапсырыс берушіге қажет ілеспе қызметтер (монтаждау, теңшеу, оқыту, тауарларды тексеру және сынақтан өткізу) мен олар қай жерде шығарылуы тиістігі, тауардың шыққан жылы, кепілдік мерзімі көрсетілуі тиіс.

Жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде оларды жүзеге асыру үшін бөлінген сома тендер (лот) бойынша ҚҚС есебінсіз 30 (отыз) миллион теңгеден асатын болса, Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті актілердің түпнұсқаларымен немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелерімен расталған сатып алынатын біртекті жұмыстарды, қызметтерді немесе белгілі бір саланы сатып алу алдындағы соңғы 5 (бес) жыл ішінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтін біліктілік талаптарын белгілеуі мүмкін. Бұл ретте 5 (бес) жылдан асатын жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап белгілеуге жол берілмейді.

Жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушілерде Тапсырыс беруші/Сатып алуды ұйымдастырушы белгілеген және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттардың болуымен, оның ішінде дипломдардың, сертификаттардың, куәліктердің және мамандардың кәсіптік біліктілігін және олардың жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да құжаттардың тиісті нотариалдық куәландырылған көшірмелерінің болуымен расталған сатып алу мәніне сәйкес келетін салада жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандардың болуы туралы талаптар белгілеуі мүмкін. Бұл ретте мамандардың 5 (бес) жылдан асатын жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап белгілеуге жол берілмейді.

Жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде оларды жүзеге асыру үшін бөлінген сома тендер (лот) бойынша ҚҚС есептемегенде 75 миллион теңгеден асса, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада әр жылы әрбір акт бойынша көлемі кемінде 75 миллион теңгені құрайтын орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті актілердің түпнұсқаларымен немесе нотариаттық куәландырылған көшірмелерімен расталған сатып алынатын бір текті жұмыстарды, қызметтерді немесе белгілі бір саланы сатып алу алдындағы соңғы 5 (бес) жыл ішінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтін біліктілік талаптарын белгілеуі мүмкін. Бұл ретте, Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада құрылыстың берілген шарттары бойынша төлеуді растайтын құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелерімен расталған түпнұсқаларын әлеуетті өнім берушімен беру туралы талаптар белгіленуі мүмкін. Мамандарда 5 (бес) жылдан асатын жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап белгілеуге жол берілмейді. Осы абзацтың талаптары құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде ғана қолданылады.

Банктік кепілдік

Банк атауы: _____

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: _____

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

« _____ »

_____ ж.
(орналасқан жері)
Біз одан әрі «Өнім беруші» деп аталатын _____
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы) ұйымдастырған _____ сатып алу жөніндегі тендерге қатысатындығынан және жалпы сомасы _____ (тауар, жұмыс және қызмет атауы)

_____ теңгеге _____ жеткізуді (көрсетуді, орындауды) жүзеге асыруға дайындығынан (сомасы санмен және жазумен) хабардармыз.

« _____ » _____ ж. жоғарыда аталған сатып алуды өткізу жөніндегі тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушілердің банктік кепілдік түрінде тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз _____ (банктің атауы) _____ осы арқылы мен өзімізге сөзсіз Сіздің бірінші талап етуіңіз бойынша Сіздің ақы төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ осындай талаптар түскен күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Өнім беруші:

тендерлік өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алғандығын немесе өзгерткендігін;

белгіленген мерзімде сатып алу туралы шартқа қол қоймағандығын;

тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегендігін;

авансты (алдын ала төлемде) қамтамасыз етуді енгізбегендігін (егер әлеуетті өнім беруші алдын ала төлемді қарастыратын төлемдердің балама талаптарын ұсынған жағдайда) жазбаша негіздемені алғаннан кейін _____

(сомасы санмен

және жазумен)

тең соманы (бұдан әрі – кепілдік міндеттеме сомасы) төлеуге қатысты қайтарымсыз міндеттемені өз мойнына алады.

_____ (банк атауы) _____ Сіздің бірінші талабыңыз бойынша осы кепілдік міндеттемені орындамаған жағдайда осы кепілдік міндеттеменің сомасын төлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, кез келген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде және Қазақстан Республикасының

банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымында ашылған _____ (банк атауы) кез келген банк шотынан (ағымдық/жинақ/корреспонденттік) тікелелей дебеттеу (теңгелей және (немесе) шетел валютасында) жолымен жүргізіледі.

_____ (банк атауы) «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ-ға (бұдан әрі - Компания) _____ (банк атауы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, кез келген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде және Қазақстан Республикасының банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған _____ (банк атауы) кез келген банк шотынан (ағымдық/жинақ/корреспонденттік) тікелелей дебеттеу жолымен ақшаны шешіп алуға (теңгелей және (немесе) шетел валютасында) қайтарымсыз және талапсыз келісімін береді, бұл ақшаны мұндай жолмен алуға және оны кепілдік міндеттеме сомасын төлеу ретінде Компания пайдасына беруге алдын ала берілген рұқсатын білдіреді.

_____ (банк атауы) Компанияға ақшаны жөнелтушінің банкіне _____ (банк атауы) Қазақстан Республикасының аумағында ашылған кез келген банктік шотына төлем талабы бойынша талап қою құқығын береді, бұл кепілдік міндеттеме сомасын төлеу ретінде Компания пайдасына _____ (банк атауы) кез келген банк шоттарынан (ағымдық/жинақ/корреспонденттік) тікелелей дебеттеу жолымен ақша алуға (теңгелей және (немесе) шетел валютасында) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, кез келген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіне және Қазақстан Республикасының банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымына берген келісімін (акцепт) білдіреді.

Жоғарыда көрсетілген талаптар _____ (банк атауы) кез келген банк шотынан (ағымдық/жинақ/корреспонденттік) тікелелей дебеттеуді жүзеге асыруға келісімі ретінде, ал бұл кепілдік міндеттеме _____ (банк атауы) өтініш/ мұндай келісімін растайтын, осы кепілдік міндеттеменің талаптары бойынша төленуі тиіс бүкіл сома шегінде барлық міндеттемелер аяқталғанға дейін әрекет ететін құжат ретінде қаралады.

Кез келген банк шотынан (ағымдық/жинақ/корреспонденттік) тікелелей дебеттеу жолымен ақша шешіп алу бойынша (ақшаны жөнелтушінің банкіне төлем талабын қою) Компания құқықығын іске асыру мақсатында _____ (банк атауы) осы кепілдік міндеттеме орындау бойынша қойылған талаптың болуына қарамастан Компаниядан жазбаша сұрату алған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Компанияға қажетті барлық құжаттардың/өтініштердің түпнұсқаларын ұсынуға міндеттенеді. Сұрату жасалған құжаттардың/өтініштердің ұсынылмауы және (немесе) дер кезінде ұсынылмауы осы кепілдік міндеттеме талаптарының бұзылғандығын білдіретіндіне _____ (банк атауы) сөзсіз келісімін береді.

Бұл кепілдік міндеттеме түпнұсқасы ұсынылған күннен бастап күшіне енеді.

Бұл кепілдік міндеттеме Өнім берушінің тендерге қатысуға тендерлік өтінімнің қолданылуының соңғы мерзіміне дейін қолданылады және, егер Сіздің жазбаша талабыңызды біз _____ аяғына дейін алмасақ, осы құжат бізге қайтарылатындығына немесе қайтарылмайтындығына қарамастан, толық және автоматты түрде күшін жояды. Егер тендерлік өтінімнің мерзімі ұзартылған болса, онда бұл кепілдік міндеттеме сондай мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттеме арқылы реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Осы кепілдік міндеттеме _____ (банк атауы) келісімі болып табылады және Компания талаптар қойған жағдайда _____ (банк атауы) қосымша келісім ұсынуын талап етпейді.

Кепілгердің қолы мен мөрі

Күні және мекенжайы

***сатып алуға Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын екінші деңгейлі банк атауы.**

Әлеуетті өнім берушілер ұсынатын банктік кепілдіктер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №308 қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарымен және ипотекалық ұйымдармен пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептілік ұсыну ережесінің, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының және «Байтерек» ҰБХ» АҚ контрагенттердің лимиттерін реттеу бөлігіндегі Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеттің шешімдерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Тендерлік құжаттаманың №4 қосымшасы

Тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатып алу туралы шарттың жобасы

(әзірленген шарттың жобасы сатып алудың нысанасына байланысты қолданылады)

**ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕР
(ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕГІ БІРЛЕСІП ОРЫНДАУШЫЛАР) ТУРАЛЫ
МӘЛІМЕТТЕР, СОНДАЙ-АҚ ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІ ҚОСАЛҚЫ
МЕРДІГЕРЛЕРГЕ (ҚОСА АТҚАРУШЫЛАРҒА) БЕРЕТІН ЖҰМЫСТАР МЕН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ**

Лот № _____

Лоттың атауы _____

р/с	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) Т.А.Ә.	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) БСН (ЖСН), оның толық заңды және почталық мекенжайы, байланыс телефоны	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (қызметтердің) атауы	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (қызметтердің) ақшалай мәндегі көлемі, теңге	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (қызметтердің) пайыздық мәндегі көлемі, %
	Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы				
	Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы				
	Осы қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) бойынша барлығы				

Осымен тендерге (тендердің толық атауын көрсету) қатысуға өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігері(лері) және (бірлесіп орындаушысы(лары) тендер (тендердің толық атауын көрсету) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысудың шарттары туралы өзінің хабардар екендігін білдіреді және әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлеріне (бірлесіп орындаушыларға) қатысты бөлігінде тендерлік құжаттамада көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

Қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) - заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының)	Қолы
--	---	------

мердігердің (бірлесіп орындаушының) Т.А.Ә.	уәкілетті өкілінің Т.А.Ә.	

Сатып алу ережесінің 36-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерге (бірлесіп орындаушыға) беретін жұмыстар мен қызметтердің көлемі жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемінің үштен екісі бөлігінен аспайды.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты.

**Біліктілік туралы мәліметтер
(тауарларды сатып алған кезде әлеуетті өнім беруші толтырады)**

1

Лот № _____

Лоттың атауы _____

1. Растаушы құжаттардың (бар болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде жеткізген (шығарған), конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) тауарлар көлемі.

Тауардың атауы	Алушының атауы	Тауарды жеткізу орны	Тауарды жеткізу күні	Растаушы құжаттың атауы, күні мен нөмірі	Шарттың құны, теңге

2. Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада көзделген материалдық ресурстар туралы мәліметтерді көрсетеді немесе растаушы құжаттардың (бар болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызмет көрсетуге қажетті ұқсас (қосымша) жабдықтардың (материалдардың) болуы туралы мәліметтерді көрсетеді.

№	Материалдық ресурстардың атауы	Қолда бар бірліктердің саны (дана)	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	Жеке меншік (меншік құқығын растаушы қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілсін)	Растаушы құжаттың атауы, күні және нөмірі

3. Әлеуетті өнім беруші растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, осы конкурс (лот) бойынша қызметтерді көрсету мақсатында қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсетеді.

№	Қызметкердің Т.А.Ә. (жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілсін)	Осы конкурста сатып алынатын қызметтерді көрсету саласындағы жұмыс өтілі	Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың және т.б. нөмірі мен берілген күнін көрсетсін, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін)	Мамандығы бойынша санаты, разряды, сыныбы

егер қызметкерлерге және осындай қызметкерлердің болуы жөнінде қойылатын талаптар осы

конкурс (лот) бойынша техникалық ерекшелікте көрсетілген болса толтырылады.

(Әлеуетті өнім берушінің қолы мен мөріне арналған орын)	Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын
---	---

Ескертпе:

1. Егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

2. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

3. Материалдық ресурстардың жолдау құқығын растайтын құжат жалдау құқығының электрондық көшірмесіне алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс.

4. Жұмыс тәжірибесі бойынша талап бар болған жағдайда, қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжат аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер және Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабы [1\), 2\), 3\), 4\), 5\)](#) және [8\) тармақшаларымен](#) көрсетілген құжаттардың бірі электрондық көшірмелері болып табылады.

Бұл ретте қызметкердің жұмыс тәжірибесі соңғы он жылы ескеріледі.

5. Материалдық ресурстардың қосалқы жалдау шарттарының электрондық көшірмелерін ұсынуға жол берілмейді.

6. Бір жылдан астам мерзіммен шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде қызметтердің аяқталу жылы танылады.

7. Электрондық көшірме – өтініш берушінің немесе аталған құжатты куәландыруға өкілеттіктері бар адамның не мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алушының өзінің жеке қатысуы кезінде берген жазбаша келісімі негізінде халыққа қызмет көрсету орталығының уәкілеттік берілген қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, түпнұсқа құжаттың түрін және ондағы ақпаратты (деректерді) электрондық цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

8. Тендер тәсілімен электрондық сатып алуға қатысуға тендерлік құжаттаманы қалыптастыру кезінде Тендерлік құжаттаманың 22.2-тармағында көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынуға жол беріледі.

**Біліктілік туралы мәліметтер
(әлеуетті өнім беруші жұмыстарды сатып алу кезінде толтырады)**

Лот № _____

Лоттың атауы _____

1. Растау құжаттарының электрондық көшірмелерінің қосымшасы бар аукционда сатып алынатын ұқсас (бірдей) әлеуетті өнім берушімен қойылған (орындалған) тауарлар көлемі соңғы оң жыл ішінде (бар болса толтырылады).

Жұмыстың атауы	Жұмыс орналасқан жер (объектінің орналасқан жері)	Тапсырыс берушінің атауы	Жұмыстарды аяқтау жылы, айы	Растаушы құжаттың атауы, күні және нөмірі	Шарттың құны, теңге

2. Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы ақпаратты растайтын құжаттардың электронды көшірмелерін қолданумен жұмыс істеу үшін қажетті ақпаратты көрсетеді.

№	Материалдық ресурстардың атауы	Бірліктер саны	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттарды қоса тіркеу), жалға алынған (кімнен, жалға берушінің меншік құқығын расйтын құжаттарды қоса тіркеу)	Растаушы құжаттың атауы, күні және нөмірі

3. Еңбек ресурстары туралы мәліметтер, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерімен бірге.

№	Жұмыстерлердің аты-жөні (жеке басын растаушы құжаттың электрондық көшірмесін қоса тіркеу)	Лауазымы	Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың және т.б. нөмірі мен берілген күнін көрсетсін, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін)
1			

(Әлеуетті өнім берушінің қолы мен мөрiне арналған орын)	Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын
---	---

Ескертпе:

1. Осы қосымшаның 2 және 3-тармақтарының талаптары құрылыс (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу), техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы

жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады.

2. Егер осы конкурста жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді.

3. Егер тендердің нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін немесе объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады.

4. Егер жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу конкурсы нысанасы болып табылған жағдайда сараптаманың оң қорытындысының электрондық көшірмесі жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

5. Егер конкурс нысанасы құрылыспен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

6. Егер конкурстың нысанасы жаңа құрылыс болып табылған жағдайда жаңа объектілер құрылысының жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі.

Автомобиль жолдары мен (немесе) инженерлік желілерді реконструкциялау бойынша жұмыс тәжірибесі инженерлік желілер мен (немесе) автомобиль жолдарының жаңа құрылысы кезінде ескеріледі.

7. Егер конкурстың нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және реконструкциялау болып табылған жағдайда, онда күрделі жөндеуді қоспағанда, жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау жұмысының тәжірибесі ескеріледі.

8. Егер конкурстың нысанасы күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, онда жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі.

9. Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі.

10. Әлеуетті өнім берушінің құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау) есептеу кезінде жиынтықта:

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші – төмендетілген) есептеледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, тек жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) ғимарат пен

құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

2) объектілердің техникалық жағынан күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар).

Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілер (кешендер) болып табылған жағдайда, тек техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) және техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар);

4) бұрын орындалған жұмыстар конкурс нысанасымен "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заң) Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) [Тізбесінің](#) 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір түрінде болған жағдайда, олардың ұқсастығы немесе сәйкестігі ескеріледі.

11. Инженерлік желілер мен жүйелердің (инженерлік желілер мен жүйелердің бірнеше түрі) кешенді құрылысы (жаңа құрылыс, қолданыстағы объектілерді кеңейту, техникалық тұрғыдан қайта жаратқандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) кезінде жұмыс тәжірибесі инженерлік желілер мен жүйелер түрлерінің ең болмағанда бірінің болуы ескеріле отырып есептелу керек.

Автомобиль жолдары және инженерлік желілер мен жүйелердің (инженерлік желілер мен жүйелердің бірнеше түрі) кешенді құрылысы (жаңа құрылыс, қолданыстағы объектілерді кеңейту, техникалық тұрғыдан қайта жаратқандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) кезінде жұмыс тәжірибесі автомобиль жолдарының жұмыс тәжірибесінің болуы және инженерлік желілер мен жүйелер түрлерінің ең болмағанда бірінің болуы ескеріле отырып есептелу керек.

12. Егер конкурс нысанасы аумақтарды абаттандыру немесе аула аумақтарын күрделі жөндеу және лицензияланатын түрлерді орындау көзделетін жұмыстар болып табылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі конкурс нысанасында көзделген барлық лицензияланатын жұмыстар бойынша тәжірибенің болуы ескеріледі.

13. Егер жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылған жағдайда, қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі жиынтықта мынадай шарттар сақталған кезде ескеріледі:

1) бір жылдың ішінде қосалқы мердігер ретінде орындалған жұмыстардың кемінде екі объектісі болған кезде бір жыл жұмыс тәжірибесі беріледі. Жылына орындалған жұмыстардың екі объектісінен көп жұмыс тәжірибесі болған кезде, бір жылдан көп жұмыс тәжірибесін беруге жол берілмейді;

2) қосалқы мердігердің жұмыс тәжірибесі конкурс нысанасына сәйкес келетін объектілерде жұмыстар (бір немесе бірнеше) орындалған кезде ескеріледі. Бұл ретте қосалқы мердігердің жұмыс тәжірибесі тек "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрлері бойынша ескеріледі.

14. Мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде құрылыс аяқталған жыл танылады.

15. Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну тек көрсетілуі конкурстық құжаттамада көзделген мәліметтер бойынша міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық

және еңбек ресурстарының болуы бөлігіндегі талаптар көзделмеген жағдайда, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылмайды.

16. Жалдау шартының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі материалдық ресурстарды жалға алу құқығын растайтын құжат болып табылады. Бұл ретте, шарттар бойынша жалға алу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау мерзімінен кем болмауға тиіс.

17. Материалдық ресурстарды қосалқы жалдау шартының электрондық көшірмесін ұсынуға жол берілмейді.

18. Электрондық көшірме – өтініш берушінің немесе аталған құжатты куәландыруға өкілеттіктері бар адамның не мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алушының өзінің жеке қатысуы кезінде берген жазбаша келісімі негізінде халыққа қызмет көрсету орталығының уәкілеттік берілген қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, түпнұсқа құжаттың түрін және ондағы ақпаратты (деректерді) электрондық цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

19. Тендер тәсілімен электрондық сатып алуға қатысуға тендерлік құжаттаманы қалыптастыру кезінде Тендерлік құжаттаманың 22.2-тармағында көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынуға жол беріледі.

Әлеуетті өнім берушінің афилирленген тұлғасы(лары) туралы мәліметтер
(акционерлік қоғамдар үшін)

№	Заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның аты-жөні	БСН/ЖСН	Тұлғаны әлеуетті өнім берушінің афилирленген тұлғасына жатқызуға негіз болған белгі
1	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы
2	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы
3	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы
4	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы
5	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы
6	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 6) тармақшасы
7	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 6-1) тармақшасы
8	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы
9	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы
10	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 9) тармақшасы
11	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы
12	*		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ 64-бабы 1-1-тармағының 1)-5) тармақшалары



Қолы және М.О.

Афилиирленген тұлғалар туралы мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

*Әлеуетті өнім берушілер жоғарыда көрсетілген кестені толтыруға тиіс және жоғарыда көрсетілген тармақтарға сәйкес келетін тұлғалар болмаған жағдайда «жоқ» деп жазу керек.

**«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415 Заңы 1-бабының 7) тармақшасына сәйкес афилиирленген тұлғалар - тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Қоғамның афилиирленген тұлғаларының тізбесі осы Заңның 64-бабында белгіленеді.

64-бап. Қоғамның афилиирленген тұлғасы

1. Мыналар:

- 1) ірі акционер;
- 2) қоғамның тәуелсіз директорын қоспағанда, осы тармақтың 1), 3) және 8) тармақшаларында аталған жеке тұлғаның жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары;
- 3) қоғамның немесе, тәуелсіз директорды қоспағанда, осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында аталған заңды тұлғаның лауазымды адамы;
- 4) қоғамның ірі акционері не лауазымды адамы болып табылатын тұлғаның бақылауындағы заңды тұлға;
- 5) қоғамның ірі акционері не лауазымды адамы болып табылатын тұлға оған қатысты ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар болатын заңды тұлға;
- 6) оған қатысты алғанда қоғам ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар болатын заңды тұлға;
- 6-1) оған қатысты осы тармақтың 6) тармақшасында аталған заңды тұлға ірі акционері болып табылатын немесе мүлкіндегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
- 7) қоғаммен бірге үшінші тұлғаның бақылауында болатын заңды тұлға;
- 8) қоғаммен шарт арқылы байланысы бар, қоғам қабылдайтын шешімдерді сол шартқа сәйкес айқындауға құқылы тұлға;
- 9) дербес немесе өзінің афилиирленген тұлғаларымен жиынтықта қоғамның не осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8) және 10) тармақшаларында аталған заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының (ұйымның қатысу үлесінің) он және одан да көп процентін иеленетін, пайдаланатын және оларға билік ететін тұлға;
- 10) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қоғамның афилиирленген тұлғасы болып табылатын өзге де тұлға қоғамның афилиирленген тұлғасы болып табылады.


1-1. Мыналар:

- 1) жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары;
- 2) осы жеке тұлға және (немесе) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ірі акционері (ірі қатысушысы) және (немесе) лауазымды адамы болып табылатын заңды тұлға;
- 3) жеке тұлғаның және (немесе) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың бақылауында болатын заңды тұлға;
- 4) оған қатысты осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар ірі акционерлер (ірі қатысушылар) болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
- 5) осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың лауазымды адамдары жеке тұлғаның үлестес тұлғасы болып табылады.

Әлеуетті өнім берушінің афилиирленген тұлғасы(лары) туралы мәліметтер
(жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер үшін)

№	Занды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның аты-жөні	БСН/ЖСН	Тұлғаны әлеуетті өнім берушінің афилиирленген тұлғасына жатқызуға негіз болған белгі
1	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 1) тармақшасы
2	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 2) тармақшасы
3	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 3) тармақшасы
4	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 4) тармақшасы
5	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 5) тармақшасы

6	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 6) тармақшасы
7	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 7) тармақшасы
8	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 8) тармақшасы
9	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 9) тармақшасы
10	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 10) тармақшасы
11	*		«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚРЗ 12-1-бабының 2-тармағы 11) тармақшасы

 Қолы және М.О.	Афилиирленген тұлғалар туралы мәліметтердің дұрыстығын растаймын.
---	---

* Әлеуетті өнім берушілер жоғарыда көрсетілген кестені толтыруға тиіс және жоғарыда көрсетілген тармақтарға сәйкес келетін тұлғалар болмаған жағдайда «жоқ» деп жазу керек.

** «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-1 Заңының 12-1-бабы 1 және 2-тармақтарына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (бұдан әрі осы бапта – серіктестік) үлестес тұлғасы деп тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді анықтауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың біреуінің) қабылдайтын шешімдеріне, оның ішінде жасалған мәміле негізінде ықпал ету мүмкіндігіне ие жеке немесе заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) танылады.

Серіктестіктің үлестес тұлғалары мыналар:

- 1) құрылтайшылар, қатысушылар;
- 2) осы тармақтың 1), 3) және 9) тармақшаларында аталған жеке тұлғалардың жақын туыстары, зайыбы (жұбайы), зайыбының (жұбайының) жақын туыстары;
- 3) серіктестіктің немесе осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында аталған заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары;
- 4) осы тармақтың 1) тармақшасында аталған тұлғаның не серіктестіктің лауазымды тұлғасының бақылауында болатын заңды тұлға;
- 5) осы тармақтың 1) тармақшасында аталған не серіктестіктің лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлға оған қатысты ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
- 6) оған қатысты серіктестік ірі акционер болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
- 7) осы тармақтың 6) тармақшасында аталған заңды тұлға оған қатысты ірі акционер болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
- 8) серіктестікпен бірге үшінші бір тұлғаның бақылауында болатын заңды тұлға;
- 9) серіктестік қабылдайтын шешімдерді анықтауға құқылы, шартқа сәйкес серіктестікпен байланысты болатын тұлға;
- 10) дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп, осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 11) тармақшаларында аталған заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын (жарғылық капиталындағы қатысу үлесін) иеленетін, пайдаланатын, оларға билік ететін тұлға;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес серіктестіктің үлестес тұлғасы болып табылатын өзге де тұлғалар.